# Сыр бойы

26 қазан сенбі 2013 жыл №159-160 (18658-18659) Қызылорда облыстық газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады www.syrboyi.kz


## ЖОҒАРЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕС

**МИНСК. 25 қазан. ҚазАқпарат – Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің қорытындысына арналған баспасөз мәслихатында сөз сөйледі, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметінен.**

Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Еуразиялық экономикалық одақ қызметін қамтамасыз ету қажеттігіне тағы да назар аударды.

– Бұл үшін алда әлі де орасан зор жұмыстар атқарып, 2014 жылғы мамырға қарай Одақ туралы шартты әзірлеуді аяқтау міндеті тұр. Елдеріміздің парламенттері бұл құжатты ратификациялауы қажет. Сондай-ақ, біз елдеріміз арасындағы экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға кедергі келтіретін түрлі шектеулерді жою жөнінде шаралар қабылдау туралы келістік. Еуразиялық экономикалық комиссия бұл бағыттағы өз жұмысын жалғастырады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Бұған қоса, Мемлекет басшысы қазіргі кезде өзара тиімді сауда үшін барлық кедергіні жою туралы, атап айтқанда, түрлі тауарлардың еркін қозғалысын қамтамасыз ету жайлы келісімге қол жеткізілгенін айтты.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті интеграциялық бірлестікке жаңа мүшелерді қабылдауда экономикасы Кеден одағы елдерінің даму деңгейімен сәйкес келуге тиістігі жөнінде жіті көзқарас болу қажеттігін атап өтті.

Сөз соңында Мемлекет басшысы Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі үшін бірлескен жұмыстың маңыздылығына тоқталды.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының барысында бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Сондай-ақ, «Кеден одағының кедендік аумағы бойынша есірткі заттарының, психотроптық заттарының және олардың прекурсорлары қозғалысының тәртібі жөніндегі келісімге» қол қойылды және Армения Республикасының еуразиялық интеграциялық процеске қатысу туралы Өтініші қабылданды.

## ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР ҰРПАҚ ИГІЛІГІНЕ АСАДЫ



Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімі жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау мен пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңестің кезектен тыс отырысы өтті. Онда Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалдық кешенін қайта жаңғырту, оны ЮНЕСКО-ның мәдени және табиғи мұра тізіміне енгізу мәселесі кеңінен талқыланды.

Басқосуға қатысқан Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі, халық жазушысы Олжас Сүлейменов тарихи құндылықтарды келешек ұрпаққа аманат ету үшін атқарылатын жұмыстар жайын баяндады. Мамандар пікірі тыңдалып, жобаға қатысты ойлар талқыға түсті.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

## ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ

Қызылордада физика-математика ғылымдарының докторы, академик Асан Таймановтың ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған «Қазіргі заманғы математика: проблемалары және қолданыстары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Адамзат тарихында бар саналы ғұмырын өз елінің келешегі үшін арнаған тұлғалар жетерлік. Солардың бірі – әлемдік математика ғылымында есімі мәшһүр, Қазақстан математика мектебінің негізін қалыптастырушы қайталанбас тұлға Асан Дабысұлы. Модельдер теориясы мен математикалық логика саласының негізін қалаушы ретінде ерекшеленген ғалымның Қазақстан және Ресей ғылымына сіңірген еңбегі орасан зор.



Ол өткен ғасырдың елуінші жылдары Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. Сол кезеңде аймақтың ғылымы мен білімінің дамуына сүбелі үлес қосқан жаңашыл ғалым студенттер мен оқытушылардың ғылыми қызметін ұштау бағытында тың идеялардың бастаушысы болып, салада шығармашылық табыстарға қол жеткізумен қатар әлемді таңғалдырған жаңалықтарды өмірге әкелген. Ғалымның білімге, ғылымға құштарлығы шәкірттері арасынан белгілі ғалымдардың көптеп шығуына себін тигізді.

5-бет

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП

## ЗАҢ АКТІЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛЕДІ

**Келер айда ел Парламенті «Алкогольді өнімдер мен этил спиртін өндіру және айналымын реттеу туралы бірқатар заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар туралы» заң жобасын қарайды. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте белгілі болды.**

Үстіміздегі жылы 11 қазанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев алкоголь өнімдеріне бақылауды күшейтуді тапсырған болатын.

Осыған байланысты өткізілген брифингте ҚР Салық комитетінің басшысы Елбасы тапсырмасына сәйкес қолға алынған жұмыстармен таныстырып, осы салада бақылауды күшейту үшін атқарылатын жұмыстармен таныстырды.

Аталған заң жобасы алкогольді өнімдерге акциздік құн салығын өсіруді қарастырады. Жоба бойынша құн салығы 2016 жылы 3,1 есе өседі.

«Баға көтерілген сайын алкогольді өнімдердің көлеңкелі нарығы өсе түсу қаупі де жоқ емес. Осыған байланысты, ҚР Қаржы министрлігі алкогольді өнімдер мен этил спиртін өндіру және айналымын реттеу туралы бірқатар заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар туралы» жобасын әзірледі. Қазір ол мемлекеттік органдарға келісілуге жіберілді. Таяу уақытта Парламентке ұсынылатын болады», - деді брифингте Салық комитетінің төрағасы Әнуар Жұмаділдаев. Комитет төрағасы еліміздегі спиртті ішімдіктердің заңсыз айналымын тоқтату үшін бірқатар ілкімді жобалардың іске асырылып жатқанын тілге тиек етті. Түрлі бағалаулар бойынша елдегі алкогольді өнімдердің көлеңкелі айналымы 25-тен 30 пайызға дейін жетеді екен.

Аталған заң жобасында спиртті ішімдіктерді сату орындары мен уақытын шектеуге, осы орайдағы заң бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылықты қатайтуға бағытталған бірқатар шаралар қарастырылған.

## ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ЖАТАҚХАНА

**Бейсенбі күні Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің №5 студенттер жатақханасының ашылу салтанаты өтті.**

Студенттер мекені мемлекеттің «Студенттік баспана» бағдарламасы аясында бой көтерген. 400 адамға арналған жатақхана бес жарым мың шаршы метр ауданды алып жатыр. Тоғыз айда аяқталған нысанның құрылысын «Асар» ЖШС жүргізген. Бес қабаттан тұратын жатақхана ауласында спортпен де шұғылдануға бар мүмкіндік жасалған. Нысанның бірінші қабатында асхана, медпункт, оқу және акт залы, ал екінші қабатта кітапхана, интернет желісіне қосылған компьютерлік класс орналасқан.

Жүздері бал-бұл жанған студенттер қауымының қуанышына ортақтасуға арнайы келген облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова лебізін былайша жеткізді:

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының тәуелсіз еліміздің болашағы – өскелең ұрпаққа қамқорлық жасап, оларға барынша қолдау көрсетуге бағытталған сарабдал саясатының нәтижесінде елімізде көптеген әлеуметтік нысандар бой көтеріп, игі жобалар жүзеге асырылуда. Сондай нысанның бірі – заманауи үлгіде салынған мына жатақхананың игілігін көріңіздер. Қуаныштарыңыз ұзағынан болғай!



Тағы бір айтарым, аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлы білім саласына үлкен қолдау көрсетуде. Соның дәлеліндей, биыл студенттер қауымына 123 грант бөлінді. Оның жетпістен астамы Сыр білімінің қара шаңырағы – Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетке тиесілі болып отыр. Ал келер жылы грант саны 300-ге жеткізілмекші. Оның елу пайызы аталмыш білім ордасына беріледі деп межеленуде. Сондықтан сіздерге қойылар талап сапалы білім алып, білікті маман болыңдар.

Бұдан соң сөз кезегін алған университет ректоры Қылышбай Бисенов: – Еліміз бойынша мемлекет қаржысы есебінен жиырма жоғары оқу орнына жатақхана салу жоспарланған болатын. Соның бірі біздің университетке тиесілі болып еді. Міне, бір жылға жетер-жетпес мерзімде ғимарат пайдалануға беріліп отыр. Оның игілігін бірге көрейік, – деді.

Мердігер компания директоры Рахым Шырданов жатақхананың символикалық кілтін университеттің жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Абылайхан Сабанбаевқа тапсырды.

Салтанат соңында шараға қатысушылар ғимаратты аралап көрді.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

# ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ӘЙГІЛІ ҒАЛЫМ

## Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың «Тайманов оқулары» конференциясында сөйлеген сөзі




**Құрметті зиялы қауым, қадірлі Олжас Омарұлы, құрметті Аслан Бәкенұлы!**

Қасиетті де киелі, қонақжай Сыр еліне **қош келдіңіздер!**

Бүгінгі күн Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен «Алаштың анасы» атанған Сыр өңірі үшін **елеулі** күндердің бірі. Сіздер мен біз **75 жылдан** астам тарихы бар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде математикалық логика, топология, әсіресе модельдер теориясы салаларындағы **ірі ғалым, академик Асан Дабысұлы Таймановтың** ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған **«Қазіргі заманғы математика: проблемалары және қолданыстары»** атты **халықаралық** ғылыми-тәжірибелік конференцияға жиналып отырмыз. Осынау мәртебелі конференцияның ашылуымен шын жүректен **құттықтаймын!**

**Құрметті конференцияға қатысушылар!**

Асан Дабысұлы Тайманов Қазақстан ғана емес, бұрынғы Кеңес Одағында **жетекші математик** болды. Оның өмірі және ғылыми-педагогикалық қызметі **Қазақстан** және **Ресей** ғалымдары үшін ерекше **мақтаныш** болып табылады. Асан Дабысұлының жеке еңбектері және шәкірттерінің ізденістері нәтижесінде



Қазақстанда **іргелі математикалық мектеп** қалыптасты. Және бұл мектеп ірі математикалық жетістіктерін **бүкіл әлемге** паш етті.

Асан Дабысұлының өмірі және шығармашылық жолы тақтайдай тегіс болған жоқ. Өзіне ғана тән **тектілік, дарындылық, қажырлы еңбек** арқасында талай бұралаңнан адаспай, кедергілерге сүрінсе де **құламай,** қиындықтарға **мойымай биік асуларды** бағындыра білді. Оған **тарих куә**.

Асан Тайманов 1947-1954 жылдар аралығында Қызылорда педагогикалық институтында математика кафедрасының меңгерушісі болды. Бұл кезеңде ол талантты ғалым, тамаша ұстаз, білікті ұйымдастырушы ретінде танылып, өңіріміздің ғылымы мен білімін **жаңа белестерге** көтерді.

Асан Дабысұлының қайраткерлік қырлары мен тұлғасының шыңдалуына, келешекте кемел жетістіктер мен жарқын табыстарға жетуіне **қасиетті Сыр топырағының** да бергені аз болмаса керек.

***Құрметті конференцияға қатысушылар мен қонақтар!***

Бүгін біз үшін айрықша күн. Алғаш рет Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің негізінде «Қазіргі математика: проблемалар және қосымшалар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілуде. Бұл конференция ғылыми-педагогикалық қызметте әлемге әйгілі топология, математика логикасы мен оның негізгі теориясын қалаушылардың бірі академик Асан Дабысұлы Таймановқа арналып отыр.

Балалар үйінде тәрбиеленген Асан Дабысұлы өзіндік өмір жолында табиғи дарындылығының арқасында әрі өзінің еңбекқорлығының нәтижесінде ғылым жолында жоғары жетістіктерге жетті. Ол өз өмірін ғылыми жаңалықтар ашуға, талантты шәкірттерді тәрбиелеуге арнады. Оның математика ғылымындағы еңбектері халықаралық деңгейде жоғары бағаланып, бірнеше оқулықтар мен монографиялық еңбектерге енгізілді.

Асан Дабысұлы Таймановтың өмір жолы біздің өңірмен де тығыз байланысты болды. Ол 1947-1954 жылдары Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың математика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Сол жылдары ол жас математиктер үйірмесін ашып, тұрақты түрде оқытушылар мен студенттерге арналған математикалық конкурстар мен семинарлар ұйымдастырды. Ғылым жолындағы еңбегінің арқасында ол студенттері арасында биік абыройға ие болды. Соның нәтижесінде одан тәлім-тәрбие алған көптеген шәкірттері ғалым атанды. Жалпы, А.Таймановтың ұйымдастыруымен сол жылдары қалалық және облыстық математикалық олимпиадалар өткізілді. Бұл сол кездегі республика бойынша алғанда алғашқы математикалық олимпиадалар еді. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде көптеген теориялық еңбектер дүниеге келді.

Баршаға белгілі, сапалы білім және біліктілігі жоғары маман болмайынша үлкен ғалымды не басшыны өсіру мүмкін емес. Бұл баршаңызға белгілі аксиома.

Академик А.Таймановтың өмір жолын айтар болсақ, ол Оралдағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтын, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін, сондай-ақ В.И.Ленин атындағы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтын тәмамдаған. Оның осындай үлкен ғылым жолындағы жетістіктеріне жетуге математика ғылымдарының майталмандары Александр Яковлевич Хинчин, Петр Сергеевич Новиков, Анатолий Иванович Мальцев, Леонид Вениаминович Келдыш, Алексей Андреевич Ляпунов және басқа да ғалымдар әсер етті. Соның ішінде өз уақытында академик Павел Сергеевич Александров А.Таймановтың кандидаттық жұмысына жоғары баға берді.

Асан Тайманов еліміздегі ғылымды дамыту мен жас шәкірттерді тәрбиелеуге де елеулі үлес қосты. Физика-математика ғылымдарының докторы, академик А.Тайманов 1968 жылы Алматыға келіп, физика-математика ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы болып сайланды. Әрі Қазақ ССР Ғылым академиясының математика және механика институтының директоры болып тағайындалды. Сол жылдары оның жеке бастамасымен республикалық физика-математикалық мектептер және Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінде алгебра және математика логикасы кафедрасы, алгебра және математикалық логика зертханалары мен бірқатар математика механика институттарында қолданбалы математикалық зертханалар ашылды.

Асан Дабысұлының осындай еңбекқорлығының арқасында Новосібір математикалық мектебіне жол ашылды. 1960 жылы академик А.И.Мальцевпен бірлесе отырып, ол Қазақстан үшін математика мамандарын дайындаудың арнайы жобасын жүзеге асырды. Әрі осы стратегиялық маңызды мәселеге ол өмірінің соңына дейін көп көңіл бөлді.

Академик А.Таймановтың ғылыми-педагогикалық қызметіндегі ең үлкен жетістіктерінің бірі Новосібір академиялық қалашығында жүзеге асты. КСРО ғылым академиясының Сібір математика институтының бөлімшесінде және Новосібір мемлекеттік университетінде Асан Тайманов алғашқы болып, әлемде теңдесі жоқ «Алгебра және логика» семинарын өткізді.

1970 жылдары Асан Дабысұлы Новосібір қаласында ғылыми және педагогикалық қызмет саласында белсенді түрде еңбегін жалғастырады. Осы кезеңдегі қызметіне оның топологиялық алгебра жөніндегі зерттеулерін жатқызуға болады.

Ол сонымен бірге Қазақ КСР Ғылым академиясының математика және механика институтының алгебра және математикалық логика зертханасына және Қарағанды мемлекеттік университетінде математикалық логика кафедрасына бақылау жүргізеді.

**Құрметті конференцияға қатысушылар!**

Ғалым қазақстандық математика мектебінің **іргесін қалаушылардың** бірі ретінде өзінің шәкірттерін дайындауға айрықша көңіл бөліп, оларды қамқорлық аясына алды. Шәкірттерінің көпшілігі Асан Дабысұлының тірі кезінде-ақ ғылыми тұрғыда **үлкен жетістіктерге** қол жеткізді. Олардың көпшілігі бүгінгі конференцияға қатысып отырғанын атап өткім келеді.

Үлкен ғалым және тұлғалы ұстаз ретінде ол Ресейдің әртүрлі аймақтарында математиктер шоғырының қалыптасуына айрықша үлес қосты. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры **Виктор Антонович Садовничий** Асан Дабысұлын өзінің тәлімгер ұстазы ретінде санайды.

Әкенің лайықты ісін оның балалары лайықты жалғастыруда. **Искандер Тайманов** физика-метаматика ғылымының докторы, Ресей Ғылым академиясының академигі, **Владимир және Надежда** ғылым кандидаттары, Мәскеудің жетекші жоғары оқу орындарының доценттері.

**Олар бүгін біздермен бірге отырғанын қуанышпен атап өткім келеді!**

Көпшілікке мәлім Асан Дабысұлы Тайманов **Батыс Қазақстан** өңірінің тумасы. Осынау қасиетті өңірдің тұрғындары белгілі ғалым, ұлы математикті әрдайым аса құрметпен еске алады. Мен бұған Батыс Қазақстан облысының әкімі қызметін (2000-2003 жылдары) атқарып жүрген кезімде көз жеткіздім. Облыс әкімдігінің қолдауымен 2002 жылы **«Тайманов оқулары»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Мұндай оқулардың М.Өтемісов атындағы батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің негізінде тұрақты өткізіліп тұратынын атап өткім келеді. Осы жоғары оқу орнында А.Д.Тайманов атындағы аудитория ашылды. Оның есімімен облыс орталығы Орал қаласындағы **көше мен мектеп** аталды. Облыстық Тайманов атындағы ғылыми-техникалық олимпиада өткізу дәстүрге айналды. Сол сияқты Қызылорда мемлекеттік университетінде басталған «Тайманов оқулары» игі дәстүрге айналатынына сенім білдіремін.

**Құрметті конференция қонақтары!**

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев **«Қазақстан-2050»** Стратегиясында қазақстандықтар алдында әлемдегі **неғұрлым дамыған 30 мемлекеттің** қатарына ену міндетін қойған болатын. Бұл міндетті шешуде білім және ғылым алдыңғы шепке шығады. Ал, кез келген ғылымның басты тілі, табиғаттың қайта түлеуінің іргелік құралы ретінде бұл бағытта математикаға айрықша рөл жүктеледі.

Қазіргі таңда жоғары кәсіби деңгейге жету үшін білімге, өндіріс пен ғылымның болашақ мамандарының біліктілігіне жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан математикалық дайындық деңгейін қамтамасыз ету күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі болып табылады.

Бұл мәселе біздің аймақ үшін де көкейтестілігін жоғалтқан жоқ. Қызылорда облысының экономикасы үшін техникалық ғылым мен ақпараттық технологиялармен байланысты мамандар дайындау өте маңызды болып саналады. Себебі, жуырда Мемлекет басшысының өңірге сапары кезінде мақұлдағанындай, облыстың 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясында өнеркәсіптік кластерлерді қалыптастырып, дамыту түйінді бағыттардың бірі болып табылады.

Көпшілікке мәлім, А.Д.Тайманов әлемдік деңгейдегі керемет ғалым, тамаша ұстаз ғана емес, ол фантазияға бай, креативтік ойлау жүйесін меңгерген, өз шәкірттерінің бойына әлемдік білімнің қазынасын ендіруге деген сүйіспеншілікті ұялата білген ерекше сезімтал басшы болатын. Ғылым жолында самғау биікке көтерілген талантты, мақсатты адамның осындай тамаша тағдыры осы ауыр жолды таңдаған жас ғалымдар үшін жарқын мысал болып табылады. Ұлы математиктер шоғырында Асан Тайманов есімі айрықша орын алады. Бүгінде Қазақстанның математика мектебі өзінің негізін қалаушылардың даңқты дәстүрлерін жалғастыра отырып, әлем ғылымын жаңалықтармен байыта түсуде.

Бүгінгі ғылыми-практикалық конференцияның өзектілігі айқын байқалып отыр. Конференция жұмысына **Мәскеудің, Новосібірдің, Астананың, Қарағандының,** Қазақстанның басқа да аймақтарының көрнекті ғалымдары қатысуда. Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі **Олжас Омарұлы Сүлейменов** біздің ортамыздағы қадірменді қонағымыз.

**Мен аймақ басшысы, университеттің қамқоршылық Кеңесінің төрағасы ретінде Сіздердің барлықтарыңызға конференция жұмысына ынталылықпен қатысқандарыңыз үшін алғыс сезімімді білдіргім келеді. Барлықтарыңызға мықты денсаулық, шығармашылық жетістіктер мен табыстар тілеймін!**

# БІЛІМГЕ ЖАСАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

**Жұма күні ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов жұмыс сапарымен Сыр еліне келді.**





Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевпен кездесуден кейін министр Қызылорда қаласындағы бірнеше білім беру нысандарының жұмысымен танысты. Мәртебелі мейман ат басын алдымен №15 мектеп-лицейіне бұрды.

Аталған білім ұясының іргетасы 1960 жылы қаланған. Басында малшы отбасының балаларына арналып салынған бұл мектеп-интернаты уақыт ағымымен өз мәртебесін бірнеше рет өзгертті. Тек 2009 жылы ғана мектеп-лицей мәртебесіне ие болды. 480 орынға лайықталған мектепте бүгінгі таңда 24 сынып бойынша 688 шәкірт білім нәрімен сусындап жүр. Ұжымда 92 мұғалім бар. Оның 18-і жоғары санатты. Оқушылардың жан-жақты білім алуы үшін мұнда интерактивті тақтамен қамтылған алты кабинет, екі информатика бөлмесі, сонымен бірге физика, лингафонды-мультимедиалық бөлме жұмыс жасауда.

Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов танысу барысында мектеп-лицейдің медициналық бөлмесін, кітапханасын, лингафонды-мультимедиалық бөлме мен асханасын көрді. Пайдалануға берілгеніне жарты ғасырдан асқан білім ошағының бүгінде тозығы жеткен, талапқа сай келмейді. Оқу сыныптары тар, спорт зал, шеберхана атымен жоқ. Асхана мен акт залының да жағдайы сын көтермейді. Бірнеше жолдың қиылысында орналасқан мектептің ғимараты қоршалмаған. Осыған қарамастан, білім ордасы білімді де жан-жақты оқушылар тәрбиелеумен өзге мектептерден озық келеді. Лицей директоры Күләш Ежетаеваның айтуынша, биылғы жылдың өзінде мектептің 30 оқушысы Н.Назарбаев зияткерлік мектебіне түссе, 18 түлек «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алуда, бес оқушысы Н.Назарбаев университетінің студенті атанған. Соңғы 10 жылда 48 оқушы «Алтын белгі» иегері атанса, 25-і «Үздік аттестат», 146-сы үздік куәлікпен бітірген. ҰБТ нәтижесінде орташа балл- 81,1-ді құраған. Сондай-ақ, Күләш Тұрсынқызы бұл білім ұясына ата-аналар тарапынан сұраныстың өте жоғары екенін алға тартты. Оның айтуынша, бір орынға 12 баладан келеді.

Осы орайда облыс әкімі Қырымбек Көшербаев министрге аталған мектеп-лицейінің балаларға білім беруде өте сапалы жұмыс жасап жүргенін айтып, жоғарыда көрсетілген мәселелерге мән беріп, оны шешудің маңызы зор екенін алға тартты. Яғни, жаңа ғимарат құрылысын жүргізу қажеттілігі айтылды.

Онан соң министр бастаған топ «Шұғыла 2» жеке балабақшасында болды. Мұнда мейманды балабақша құрылтайшысы, облыстық мәслихат депутаты Сейітқали Алшынбаев пен балабақша меңгерушісі Гүлсім Қожаназарова қарсы алды.

320 орындық балабақша «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынған. Жуырда ғана қызылордалық бүлдіршіндер көзайымына айналған бұл мектепке дейінгі тәрбие орнында бүгінгі таңда 320 бүлдіршін тәрбиеленуде. Балабақша ұжымында 43 педагог, 47 техникалық қызметкер жұмыс жасауда. Министр танысу барысында шахмат орталығында, «Балауса», «Шаттық» топтарында болды. Ғимарат ішін аралап, жұмыс барысымен танысқан министрді акт залында балғындар әдемі бимен қарсы алды. Бал тілдерімен әсем ән арнады.

Заманауи үлгіде салынған балабақшада балдырғандардың жан-жақты тәрбиемен қамтылуына барлық жағдай жасалған. Алайда, орын алып отырған мәселе де жоқ емес. «Сабақты ине сәтімен» демекші, орайы келіп тұрғанда ол мәселелер Білім және ғылым министрінің алдына жайып салынды. Ол мәселе – ашылған мектепке дейінгі мекемелерге мемлекеттік тапсырыс негізіндегі қаржының бөлінбей отырғандығы. Нақты айтқанда, 562 млн. теңге қажет. Осының салдарынан жеке балабақша ашушылар, яғни, кәсіпкерлер зардап шегуде. Осы орайда аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты жоспарымен бөлісті.

– 2020 жылға арналған «Балапан» бағдарламасын біз 2015 жылы түгелімен іске асырып бітеміз деп жоспарлап отырмыз. Бұл үшін бізге жеке кәсіпкерлер көмекке келіп жатыр. Бүгінгі таңның өзінде біз бұл межені 79 пайызға орындадық. Жоғарыда айтқанымдай, 2015 жылы біз бағдарламаны 100 пайыз орындаймыз деп отырмыз. Ол үшін, әрине, жаңағы мәселені шешуіміз керек. Яғни, бізде балабақша бар да, мемлекеттік тапсырыс негізіндегі қаржы жоқ. Ал ол өз кезегінде кәсіпкерлерге кері әсерін тигізеді. Сейітқали Алшынбаевтың бұл бірінші балабақшасы емес, бұл азамат өңірімізде білім саласының меценаты ретінде белгілі болған тұлға. Саланы дамытуда қаржысын аямай салуда. Дегенмен, мемлекет тарапынан қолдау да керек, – деп облыс әкімі мәселені нақтылады.

Осы кезде ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов балабақша құрылтайшысы Сейітқали Бегманұлынан балабақша ашқаннан қаншалықты пайда барын сұрады. Министрдің бұл сұрағына Сейітқали Алшынбаев былайша жауап берді: – Мектеп салу, балабақша ашу қыруар пайда әкелетін шаруа емес. Мен мұны азаматтық борышым деп білемін. Әрбір азамат туған еліне осылай қызмет етуі керек деп ойлаймын. Екі жылдың ішінде мен білім саласына 1 млрд. теңге көлемінде қаржы салдым. Мен оны мұнай саласына немесе өзге салаға салсам пайда көрер едім, бірақ бұл біздің еліміз үшін керек, балаларымызға қажет. Бізден кейінгі жас кәсіпкерлер бізге қарап бой түзеуі үшін осындай қадамдар керек. Мен мұны шын жүрегіммен жасап жатырмын. Мәселен, мемлекеттік тапсырыс негізінде алынған қаржы тек қызметкерлердің жалақысы мен коммуналдық шығындарды төлеуге ғана жетеді, ал қалғанына түгел өз қалтамнан шығып отыр. Мен бұған өкінбеймін.

Сонымен қатар, экологиялық коэффициентке қатысты да мәселелер көтерілді.

Министрдің соңғы аялдаған нысаны Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі болды.

Аталған колледж 1956 жылы кәсіптік-техникалық мектеп ретінде ашылған. Содан бері аймақтың білім саласында кәсіптік мамандар даярлауда өзіндік үлесін қосып келеді. Оқу орнында 58 педагогикалық қызметкер еңбек етуде. Қазіргі уақытта мұнда 571 студент білім алуда, оның мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алып жүргені 278 болса, 293 оқушы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында қабылданған. Шәкірттер 10 мамандық бойынша білім алады. 212 түлектің 168-і, яғни, 80 пайызы жұмыспен қамтылған. Бұл білім ордасының да өзіне тән шешімін таппай келген мәселесі бар. Атап айтсақ, колледж типтік жобаға сәйкес келмейді, ыңғайластырылған ғимаратта орналасқан. Акт залы мен асханасы істен шыққан, спорт зал, жатақхана мүлдем жоқ. Жаңа мамандықтарға оқу шеберханалары қарастырылмаған. Осыларды ескере отырып, жаңа типті ғимараттың қажеттілігі байқалады. Облыс әкімінің айтуынша, жаңа ғимарат құрылысын жүргізу бағытында бірқатар жұмыстар қолға алынған. Мәселен, «Астана» мөлтек ауданынан жаңа құрылыстың орны белгіленіп, сметалық құжаттары әзірленген.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аталған мәселелерге қатысты ұсыныс хат дайындағанын айтып, қолдау көрсетуін сұрады. Өз кезегінде ҚР Білім және ғылым министрі өңірде білім саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# ЖАҢА БАЛАБАҚША – ЖАРҚЫН ИГІЛІК



Бейсенбіде Қызылорда қаласында 320 орындық «Шұғыла 2» балабақшасы ашылды. Салтанатты рәсімге облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова, қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және сенатор Мұрат Бақтиярұлы қатысты.

Балғындардың әдемі бимен, тақпақтарымен ашылған шара барысында салтанат сахнасына көтерілген облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова жиылғандарды, ата-аналарды жаңа балабақшаның ашылуымен құттықтады. Балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен қамтамасыз ету мақсатында өмірге келген «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Бүгінгі таңда қалада 108 мектепке дейінгі білім беру ұйымында 11 мыңға жуық бала тәрбиеленуде. Биылғы жаңа оқу жылының өзінде қалада 5 жаңа білім ордасы, 7 балабақша және екі шағын орталық пайдалануға берілген. Жыл аяғына дейін қосымша үш жеке балабақша пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Ашылу салтанатында сондай-ақ, қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, сенатор Мұрат Бақтиярұлы қызылордалықтарға құтты болсын айтып, балабақша құрылтайшысы, облыстық мәслихат депутаты Сейітқали Алшынбаевқа ризашылықтарын білдірді.

Салтанатты шара соңында меймандар, жиынға қатысушылар жаңа балабақша ғимаратымен танысты.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

**Кеше облыстық мәслихат залында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы саяси кеңесінің кеңейтілген мәжілісін өткізді. Онда «Нұр Отан» партиясының XV сьезінде қабылданған шешімдерді жүзеге асыру мәселесі талқыланды. Мәжіліс жұмысына партияның облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев басшылық жасады.**

Саяси кеңес жұмысын ашқан Қырымбек Елеуұлы алдағы уақытта атқарылатын партиялық істер тұрғысында жан-жақты баяндады. Партия талабына орай халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған іргелі істерді қолға алу жоспарланып отыр. Бұл бағытта біздің Сыр өңірінде қаншама игілікті істер жүзеге асырылып келеді. Астанада өткен съезд барысында партияның жаңа саяси доктринасы қабылданды. Бұл доктрина келешекте еліміздің жаңаша серпінмен өркендеуіне мүмкіндік ашатын болады. Бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің алдында үлкен міндеттер тұр. Қазақстан әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына қосылу мақсатында іргелі істерді іске асыратын болады.

Біздің облысымыз тоғыз жолдың торабында орналасқан. Теміржол мен халықаралық көлік дәлізі Сыр өңірінің басым бөлігін басып өтеді. Сондай-ақ, магистральды газ құбыры келешекте облыстағы елді мекендердің негізгі аумағын қамтитын болады. Бұл – біздің басты ерекшелігіміздің бірі. Ендеше, біздің облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсартуға мол мүмкіндік бар. Осы орайда біздің аймақта металлургия саласын дамытуға әбден болады. Жақын жылдарда облыста өндіріліп жатқан ванадийге әлемдік сұраныстың 10 пайызға жуығын қамтамасыз етуге оң жағдай жасалады. Сонымен қатар, уран өндірісінде де осындай серпілісті істер атқарылады.

– Үстіміздегі жылы жергілікті диқандар рекордтық көрсеткішке қол жеткізді, – деді облыс әкімі әңгімесін одан әрі өрбітіп. – Егіншілер 74 мың гектар күріш алқабының әр гектарынан орташа есеппен алғанда 49 центнерден өнім жинап, қамбаға 365 мың тоннаға жуық астық құйып алды.

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытында бірқатар жұмыстар қолға алынып жатыр. Күріш ғылыми-зерттеу институты ғалымдарымен бірлесе отырып, күріш кластерін жолға қоюға мән берілуде. Сондай-ақ, балық шаруашылығы саласының жұмысын жақсартуға көңіл бөлдік. Облыс басшысы өз баяндамасында Арал теңізін сауықтыруға арналған халықаралық жоба нәтижесінде аймақтағы экологиялық ахуалдың жақсара түскенін жеткізді.

Сыр өңірінің білім, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік салаларында да игі істер жүзеге асып келеді. Алдағы жылдары 43 ауылды тірек елді мекендері қатарына қосу көзделіп отырса, соның ішінде келер жылы 8 ауылда алғашқы жұмыстар басталмақ.

Партияның облыстық филиалы саяси кеңесінің мәжілісінде бірқатар съезд делегаттары сөз алып, өздерінің ой-пікірлерімен бөлісті. Олардың қатарында «ҚазГерМұнай БК» ЖШС бас директоры Медет Кәрім, облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова, Қызылорда қаласындағы №5 орта мектептің директоры Әлия Көшкінбаева, «Жас Отан» жастар қанаты Сырдария аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ержан Жақыпов бар.

Мәжіліс барысында саяси кеңес құрамына өзгерістер енгізілді. Басқа қалаларға және қызметтерге ауысуына байланысты «Қазақстан темір жолы» облыстық филиалының, облыстық мәдениет және денсаулық сақтау басқармаларының бұрынғы басшылары құрамнан шығарылды. Олардың орнына «Қазақстан темір жолы» облыстық филиалының, облыстық мәдениет және денсаулық сақтау басқармаларының қазіргі басшылары Аманкелді Арысбаев, Ержан Әбдірахманов, Иран Шәметеков, Сырдария және Қармақшы аудандарының әкімдері Ғанибек Қазантаев пен Нәжмадин Шамұратов енгізілді.

**Әділжан ҮМБЕТ.**

# ҮЕҰ – АЗАМАТТЫҚТЫҢ МЕКТЕБІНДЕЙ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСТЫ

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап елімізде азаматтық қоғамның негізі болып саналатын үкіметтік емес ұйымдардың дамуына саяси-құқықтық жағдайлар жасалып келеді. Осы уақыт аралығында азаматтық қоғам дамуының бағыттары мен шарттарын айқындаған тұжырымдама да қабылданды. Бүгінде билік пен халық арасындағы байланыс көпіріне айналған ҮЕҰ қоғамның кез келген мәселесін шешуге ықпал етуде. Студенттер сарайында өткен VI облыстық Азаматтық форумда бірқатар өзекті мәселелер талқыланып, алдағы міндеттер айтылды. Форумға аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев қатысты.






Биліктің үкіметтік емес сектормен қарым-қатынасында оң өзгерістер орын алды. Қазіргі күні ҮЕҰ-ны белгілі қоғамдық күш ретінде қабылдауға болады. Биыл облыс әкімдігі, «Азаматтық альянс» және «Игілік» корпоративтік қорымен бірлескен іс-қимыл мен әріптестік жайлы меморандум бесінші рет қабылданды. Бұл келісім ортақ мақсат, міндеттерді айқындап, басты бағыттарды белгіледі. Үкіметтік емес ұйымдардың өңір тұрғындарының мәселелерін билікпен бірлесе отырып шешу үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Екі жылда бір рет өткізіліп тұратын облыстық форумның салтанатты ашылуында облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы билік пен ҮЕҰ арасындағы әріптестіктің жылдан-жылға артып келетінін тілге тиек етті.

– Құрметті форум мүшелері, өздеріңізге белгілі облысымызда Азаматтық форум осыдан 10 жыл бұрын өткен болатын. Онда үкіметтік емес сектордың іс-әрекетін нақтылап, азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік органдар арасындағы әріптестіктің жүйелі тетігінің қалыптасуына жол ашты. Ал қазіргі жағдай мүлдем салыстыруға келмейді. Азаматтық қоғамның негізгі институттары құрылып, құқықтық негізі қалыптасты. Қазіргі сектор – нығайған сектор. Бұған дейін ҮЕҰ-дың жұмысына қажетті заңдардың өмірге келуіне билік араласқан болса, бүгінде олардың өздері бастама көтеріп, келелі мәселелерді қолға алатындай күшке айналып отыр. Бұл шынында да қуантарлық жайт. Қазақта «азамат» деген ұғым бар. Ол тек қана төлқұжатпен айқындалмайды. Азаматтық – адамның ой-өрісімен, Отанға жасаған қызметімен өлшенетін ұғым. Егемендік алған уақыттан бері ҮЕҰ азаматтықтың мектебіндей болып қалыптасты. Тәуелсіздікті орнатудың ең қиын жылдарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқали саясатының және халқымыздың кемелділігінің арқасында баршамыз мемлекетімізді бірлесе құруға мүмкіндік алдық.

Біздің елде азаматтық қоғам дамуына ең басты ықпал етуші мемлекеттің қолдауы болып отыр. Орталық мемлекеттік органдар қаржы бөлгеніне қарамастан, олардың қызметіне араласпайтын болды. Керісінше, жергілікті атқарушы органдардың жұмысына бақылау азаматтық қоғам тарапынан барған сайын күшеюде. Өткен жылы Елбасы жарлығымен Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының бекітілгенін жақсы білесіздер. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту экономикалық өркендеудің, әлеуметтік әл-ауқаттың және азаматтық қоғамды қалыптастырудың міндетті шарттарының бірі. Биыл мәслихат депутаттары алғаш рет аудан әкімдерін сайлады. Қалай десек те, тағайындау мен сайлаудың арасы жер мен көктей. Қоғамның саяси тұрғыдан дамуы үшін бұл бастаманы қоғам қолдап, сене қоймайды. Сондықтан әкімдер сайлауы еліміздің саяси жүйесін демократияландыру және жетілдіру жолындағы жаңа қадам болғаны сөзсіз. Азаматтық қоғам ұйымдары көбіне әлеуметтік мәселені арқау қылып, соларды тиімді шешуді мақсат тұтады. Мемлекеттік органдар өз кезегінде міндетті түрде мемлекеттік емес ұйымдардың қорытындылары мен сараптамаларына өз жұмысында сүйенеді. Түрлі әлеуметтік сауалнамалардың және менің атыма да облыс басшысы ретінде келіп түсетін арыздардан облыс тұрғындарының коммуналдық шаруашылық, баспана, жұмыссыздық мәселелері көбірек мазалайтыны белгілі болып отыр. Коммуналдық шаруашылық мәселелер Қызылордада көпқабатты үйлерге қатысты. Қызылорда – республикада ыстық сумен қамтылмаған жалғыз облыс орталығы. Қазіргі күні облыстық бюджеттен қаржы бөлінді. Алдағы 2014-2015 жылдың ішінде бұл мәселе толығымен шешімін табады,–дей келе, облыс басшысы бүгінгі кезде Елбасы мен Ресей Президенті арасындағы келісімге сәйкес Протон зымыран кешенін пайдалануды жаңа жағдайда дамытудың бірлескен жол картасының жобасы әзірленуде екенін айтты. – Шаһарда өндірісті дамытуға барлық жағдай жеткілікті. Айта кететін жайт, бұл келісім оңайға түсіп жатқан жоқ. Соған қарамастан, біз де өз бағытымыздан таймай, бірлескен жол картасын қабылдауды және біздің тарапымыздан айқындалған іс-шараларды толық жүзеге асыруға мүмкін болды. Біздің ұсыныстарымыз Үкіметте арнайы қаралып қолдау тапты.

Облысымызда 700-ден астам үкіметтік емес ұйым бар. Олардың көпшілігі өңіріміздегі маңызды қоғамдық-саяси науқандардан тыс қалмайды. Қоғамда ынтымақ, ауызбіршілік, тұрақтылық болуына өз үлестерін қосып келеді. Бүгінгі форум жұмысының тізгінін ұстаған облыстық «Азаматтық Альянс» қауымдастығының төрайымы Дариға Ақмағамбетова аймағымыздағы ҮЕҰ-ның қалыптасуы мен бүгінге дейін атқарылған тірліктер жайында айтып өтті.

« Жақында өткен еліміздің бастаушы партиясы «Нұр Отанның» XV съезі болды. Елбасы сонда азаматтық қоғамның орнына да арнайы тоқталып, адамдардың мүддесі үшін қызмет етіп, патриоттықтың үлгісін көрсетіп жүрген үкіметтік емес ұйымдарды қолдау, көмек беру жайында тапсырма берді. Әрине, бұл бізге үлкен міндет артады. Облыста үкіметтік емес сектор мен мемлекеттік орган арасындағы байланыстың жаңа жүйесі өмірге келді. Жыл сайын облыс әкімдігі, «Азаматтық Альянс», «Игілік» қоры арасындағы әріптестік меморандумы дәстүрге айналды. ҮЕҰ-ны дамытуға бағытталған жұмыстар нәтижесінде олардың белсенділігі артып, қоғамдық мәселелердің оң шешімін табуға өз үлестерін қосуда. Дегенмен, ҮЕҰ, басқа да азаматтық қоғам институттарының қоғам үшін әлі де жүзеге асырылмаған мүмкіндіктер бар. Облыс көлемінде қалыптасқан билік пен ҮЕҰ-ның бірлескен іс-қимыл әріптестік тәжірибесі аудандарда да жалғасын табуы қажет. Рас, соңғы екі жылда да аудандарда бетбұрыс бар. Енді ақпараттық қызметтік ресурстар аудандарда да жұмыс жасаса тиімді болар еді. Екінші күрделі мәселе ҮЕҰ өздерінің орталығының болмауы алдағы уақытта шешімін табады деп ойлаймыз», – деді қауымдастық төрайымы.

Басқосу барысында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Жазира Жылқышиева, «Сыр елі XXI ғасыр» қоғамдық қорының төрағасы Нұрлыбек Мыңжас, «Корей ұлттық мәдени орталығының» төрайымы Елена Ким, «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жандос Түсмағамбетов баяндама жасады. Ашық пікір алаңына айналған дәстүрлі кездесу соңында тиісті ұсынымдар қабылданып, VI республикалық Азаматтық форумның делегаттар құрамы бекітілді.

Шарада бірқатар үкіметтік емес ұйымдар қоғамның өзекті мәселелерін шешуге белсене араласқаны үшін түрлі номинациялар бойынша марапатталды.

**Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.**
**Суретті түсірген**
**Болат ОМАРӘЛИЕВ.**

## ОЙ-ПІКІР:

**Нұрлыбек МЫҢЖАСОВ, «Сыр елі XXI ғасыр» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:** «Сыр елі XXI ғасыр» қоғамдық бірлестігі Сыр өңірінің тарихын кешенді түрде зерттеу арқылы, оның Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі алатын орнын, саяси маңызын анықтау мақсатында жұмыстар жүргізуде. Өңірдің этнографиялық ерекшелік белгілерін, тарихи тұлғалардың мұраларын насихаттау, олардың еңбектерін тәржімалап, ғылыми айналымға енгізу арқылы Сыр өңіріндегі тарихи-мәдени мұраларын республика көлеміне және алыс-жақын шетелге насихаттау басты парызымыз. Осы жобалар мемлекеттігімізді танытудың бір құралы ретінде, Азаматтық қоғамды құра отырып, қоғамдық бірлестік пен әкімшіліктің бірлесе ынтымақтастық жолындағы табысты жұмысымыз деп білемін. Әлеуметтік жобалар ретінде облыстық ішкі саясат басқармасымен бірігіп, Сыр елінің мол мұрасын кең көлемде насихаттауды мақсат еттік. Руханиятымызды таныту баршамыздың міндетіміз.



**Қайраддин БАЙМАХАНОВ, облыстық «Ауған және жергілікті соғыс ардагерлері кеңесінің» төрағасы:** Қазір Ауған соғысының ардагерлеріне ұдайы бөлініп, материалдық көмектер беріліп, түрлі құрмет көрсетіліп жатыр. Интернационал ардагерлерге әлеуметтік қолдау көрсету және жастар арасындағы патриотизмді дамыту бағытында облыстық, қалалық әкімшілікпен және басқармалармен көптеген шаралар атқарылды. Бұл еліміздегі билік пен азаматтық қоғам арасындағы тығыз байланыстың арқасы деп білемін.



**Дүйсен БЕКЕНОВ, қалалық мүгедектер қоғамының төрағасы:** Мүгедектерді оңалту және оларды әлеуметтік қолдау бағытында облыстық әкімшілікпен, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен қоян-қолтық жұмыс істеп келеміз. 2011 жылдан бастап қалалық мүгедектер қоғамы жанынан ашылған орталық мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғамға толыққанды араласып, мәдени іс-шараларға қатысуларын қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар, «Әлеуметтік такси» қызметі қалтқысыз жұмыс істеп тұр. Келесі жылы әкімшілік тарапынан мүгедектер мұқтажына деп облыс бюджетінен қомақты қаржы бөлінуде. Бұл – мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғам өміріне белсене араласуын нығайта береді.



**Жандос ТҰСМАҒАМБЕТОВ, «Самұрық инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры төрағасы:** Азаматтық қоғам өкілдері халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналып отыр. Бұқараның мұң-мұқтажын, келелі мәселелерін билікке жеткізе отырып, бірлесе шешудің жүйесін қалыптастырдық. Біздің қоғамдық қор 6 жылдың көлемінде республика және облыс шеңберінде жүзден астам әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырып, халықпен тікелей жұмыс жасап келеді. Әсіресе, тұрғындар арасында құқықтық сауаттылықты көтеруде табанды еңбек жасалып жатыр. Өйткені, өз құқын білген адам ғана қоғам дамуының негізгі кепілі болады және азаматтық жауапкершілікті сезіне алады деп санаймын.



Әңгімелескен
**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

# ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Сыр білімінің қарашаңырағы өзінің 75 жылдық тарихында ерекше орны бар тұлғаларды ұлықтау арқылы студенттер қауымын білім мен ғылымның биік шыңына жетелеуді дәстүрге айналдырып келеді. Сондай игі шараның бірі – академик Асан Таймановтың ғылыми-педагогикалық қызметіне арналып өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция.

Бейсенбі күні басталған ғылыми форумға қатысушылар университеттің бас оқу ғимаратындағы «Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан» оқу-көрме залы мен «Археология және этнография» экспозициялық залын аралап көрді. Одан әрі конференцияның бірінші пленарлық мәжілісі өтіп, онда ҚР Білім және ғылым министрлігі математика және математикалық модельдеу институты бас директорының орынбасары, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Бектұр Байжанов, Ресей Ғылым академиясы Сібір бөлімінің С.Л.Соболев атындағы математика институты есептеу техникасы және геофизикалық жүйе зертханасының меңгерушісі Сергей Кабанихин, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің профессоры Виктор Вербовский, Қазақ-Британ техникалық университетінің профессоры Нұрлан Дайырбеков, басқа да ғалымдар баяндама жасады.

Кеше, конференцияның екінші күнінде университеттің №6 ғимаратында академик А.Таймановтың қоладан құйылған бюсі мен ғалым атындағы дәрісхананың ашылу салтанаты болды.

1-бет

Салтанатты шарада облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ғалымның ұлы, Ресей ғылым академиясының академигі



Искандер Тайманов, ғалымның шәкірті, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Бектұр Байжанов сөз сөйледі. Салтанатта аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлы мен ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов ғалым бюсінің лентасын қиды. Бұдан соң мәртебелі меймандар дәрісхананың ашылу рәсіміне қатысты.

Дәрісханада академиктің өмірі мен қызметіне арналған арнайы стендтер, ғалымның ғылыми еңбектері мен тұтынған заттары (қаламсап, сағат, Бүкілодақтық «Білім» қоғамының мүшелік билеті, ғылыми мақалаларының қолжазбалары), тағы басқа құнды дүниелер қойылған.

Конференция одан әрі Студенттер сарайында өткен пленарлық мәжіліске жалғасты.

Мәжілісті Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Қылышбай Бисенов сөз сөйлеп ашты.

Мәжілісте облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов, Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілі Олжас Сүлейменов, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті механика-математика факультетінің жаратылыстану ғылымдарында компьютерлік әдістер зертханасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Алексей Августинович Тужилин, ғалымның қызы, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты Надежда Асанқызы Шкаликова сөз сөйледі.

Конференцияда академиктің ұлы, Ресей ғылым академиясының академигі, Ресей ғылым академиясы Сібір бөлімі С.Л.Соболев атындағы математика институтының динамикалық жүйелер зертханасының меңгерушісі, Новосібір мемлекеттік университеті геометрия және топология кафедрасының меңгерушісі Искандер Тайманов, ҚР Білім және ғылым министрлігі математика және математикалық модельдеу институтының бас ғылыми қызметкері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Мұхтарбай Өтелбаев, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаев, Ресей ғылым академиясы Сібір бөлімі С.Л.Соболев атындағы математика институтының зертхана меңгерушісі, Новосібір мемлекеттік университетінің профессоры Евгений Андреевич Палютин, басқа да ғалымдар баяндама жасады.

Халықаралық конференцияның екінші пленарлық мәжілісі бүгін жұмысын одан әрі жалғастырды.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

## СЫР ЕЛІН САҒЫНЫП КЕЛДІМ

– Менің әкемнің еңбегін ескеріп, осынау шараның өтуіне қолдау көрсеткен аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлына, ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Бәкенұлына, шараның ұйымдастырылуына ұйытқы болған университет ректоры Қылышбай Алдабергенұлына алғысым шексіз. Қызылорда қаласы менің кіндік қаным тамған жер. Балалық балдәурен шағым осында өтті. Сондықтан Сыр өңірі маған әркез ыстық көрінеді. Мен алыста жүрсем де, Сіздерде болып жатқан өзгерістерге қызығушылық танытып, тілеулеріңізді тілеп отырамын. Әсіресе, облыс әкімі Қырымбек Елеуұлына алғысым шексіз. Бұл азамат Батыс Қазақстан облысын басқарған кезінде де әкемнің аруағын тірілтіп, Тайманов оқуларын дәстүрге айналдырған еді. Енді, міне, Сыр топырағында да әкемнің еңбегін дәріптеуде. Мен үшін бұдан өткен бақытты шақ болмас, сірә.

**Надежда Асанқызы ШКАЛИКОВА,**
**М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты.**

## ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Қай халықтың болмасын тарихында тәлімгер ұстаздың тұлғасы асқақ тұратыны белгілі. Адамгершілік
пен мәдениеттіліктің, білім мен біліктіліктің бастауы қашан да ұстаздан алған тәлім-тәрбиеге байланысты
болатындығы заңды құбылыс.
Мен академик ағамызбен он жылдай қызметтес болдым. Ол нағыз интеллигенттің символы болатын.
Шәкірттерін бірінен-бірін бөле жармайтын, соған сай шәкірттері де оны аса құрмет тұтатын. Математика
ғылымына бейімі бар талантты студенттерге көмегін көрсетіп, ғылымға құлаш ұруға бағыт беріп отырды.
Қашан көрсең де терең ой үстінде жүретін ғалымның дәрістері кім-кімді де бірден баурап алатын.
Оның тақырыпты нақпа-нақ айтып жеткізетіні сондай, студенттер ұйып тыңдайтын. Мен ол кісіге
тікелей шәкірт болып, дәріс алмасам да, әріптес ретінде жақсы қасиеттерін бойыма сіңіруге тырыстым.
Сабырлы болуды, ойланып барып сөйлеуді үйрендім. Бірнеше жыл қызметтес болған мен Асан
Дабысұлының өз ісіне деген жауапкершілігіне, ғылымға деген адалдығына куә болдым. Ұлылықтың
басында ұстаздың тұратындығына шынайы көз жеткіздім. Бір сөзбен айтқанда, Асан Тайманов
ұстаздардың ұстазы деген мәртебелі атаққа лайық азамат болды. Бұл атаққа ие болу кез келген адамның
қолынан келе бермейтіні ақиқат.

**Әбибулла ТӨРЕҚОЖАЕВ,**
**Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің профессоры, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, Нью-Йорк академиясының мүшесі.**

# КӘСІБІН АШҚАНҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

**Бейсенбі күні облыс әкімдігінде аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстың кәсіпкерлік саласын дамыту жөніндегі Жол картасын дайындау мақсатындағы кеңес мәжілісі өткізілді. Кеңес отырысына мемлекеттік қызмет органдары мен бизнес құрылымдар өкілдері қатысты.**

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі аймақтық Жол картасын дайындау ісі кәсіпкерлер мен облыстық мекемелер басшыларымен келісілгеннен кейін кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі облыстық кеңестің назарына ұсынылды. Осы мәселе жөнінде айтқан облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Құрманкүл Датқабаева жобаны дайындау барысында бірқатар тармақтардың алынып тасталғанын жеткізді. Нәтижесінде кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Жол картасы 16 тармаққа негізделген.

Негізі Жол картасы жобасын дайындау барысында облыстың шағын және орта бизнесін дамытудың жекелеген салаларына ерекше назар аударылған. Мұнан бөлек, мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру мақсатында ауылдық округтерде семинар-тренингтер өткізу де жоспарланған. Сондай-ақ, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі негізінде облыстың ірі компанияларының қаржыландыруымен ауылдық жерлердегі бизнесті дамытуға да көңіл бөлінбекші.

Облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев бұл жобаны дайындау барысында кеңес мүшелерімен бірнеше мәрте кездесу өткізілгенін жеткізді. Жобаны дайындау барысында әкімшілік кедергілерді азайту мен құжаттарды әзірлеуге баса көңіл бөлінген. Дейтұрғанмен де, жобаны дайындау барысында экономиканы дамытудың барлық саласы қамтылмаған. Сондықтан да оны әлі де толықтыра түсу қажет. Соның ішінде облыста салынып жатқан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізі бойынан кәсіпкерлер қызмет көрсету орындарын ашуға күш салуы қажет.

Осы орайда облыс әкімі жол картасы бойынша қолға алынар жұмыстың уақыт өткізбей қазірден іске асырылу қажеттігін, керекті өзгерістер болса, оны кезінде толықтырып отыру қажеттігіне назар аударды. Өйткені, бұл уақытты босқа өткізбеудің басты жолы. Алдағы қараша айында жобада көрсетілген он алты пункт бойынша кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар басшылары өз салалары бойынша есеп беруі тиіс. Сонымен қатар, кеңес мүшелері әрбір саланың жұмысын бақылауға алуы қажет.

Мұнан кейін сөз алған «Райм» ЖШС директоры Ерлан Райымов бизнесті дамыту жолында көп кедергілердің кездесетінін тілге тиек етті. Соның бастысы, құжаттарды дайындауға қатысты. Атап айтқанда, сол құжаттарды дайындауға бірнеше ай кетеді. Сондықтан да бұл істі электрондық жүйеге көшіру қажет.

Мәжілісті қорытындылаған аймақ басшысы Қ.Көшербаев бизнесін дамытуды бастағандарға алғашқы жылдары қолдау көрсетіліп, жеңілдік көрсету қажеттілігін айтып өтті. Сонда азғантай уақыт ішінде кәсіпкердің аяғынан тік тұрып кетуіне мүмкіндік жасалады.

Сонымен қатар, аймақ басшысы облыстық газеттерде айына бір рет шағын және орта бизнесті дамыту жөнінде қосымша шығару қажеттігін, онда кәсіпкерлерге қажетті бар мәлімет көрсетілу керектігін айтты. Қажет болған жағдайда екі газеттің мемлекеттік сұраныс көлемі де көтерілетін болады. Жалпы кеңес отырысында Жол картасын жүзеге асыру бойынша іске асырылып жатқан жұмыстар жөнінде тиісті сала басшыларының есебі тыңдалатынын да атап өтті.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**

# БЕЛГІЛІ АЗАМАТҚА ҚҰРМЕТ

Осы аптаның бейсенбісінде облыс әкімдігінде белгілі азамат, еңбек ардагері Қорғанбек Қайруллаевтың 70 жылдық мерейтойына орай салтанатты шара өтті. Бұл шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, мерейтой иесіне тілектестігін білдірді.

Аймақ басшысы өз сөзінде Қ.Қайруллаевтың Сыр өңірінің дамуы мен өркендеуіне айтарлықтай еңбек сіңіргенін атап өтті. Еңбек ардагері ұзақ жылдар бойы түрлі салада жемісті қызмет жасады. Еңбек жолын қарапайым механизаторлықтан бастаған ол облыстың кеңес төрағасының орынбасары, басқарма басшылығын абыроймен атқарған ол қазір облыстық сайлау комиссиясы төрағасы.

Осындай атқарған жұмыстары үшін Қ.Қайруллаев түрлі медальдар мен марапаттарға ие болған. Олардың қатарында «Қарулы Күштердегі ерен қызметі үшін», «Ерен еңбегі үшін» және «Төтенше жағдайлар министрлігінің ардагері» секілді өзге де наградалары бар. Сондай-ақ, ол «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері». Салтанатты рәсім барысында облыс әкімі мерейтой иесіне Құрмет грамотасын табыс етті.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов, белгілі еңбек ардагері Тұрғанбай Маханов мерейтой иесіне тілектестігін білдіріп, ұзақ жылдар бойы атқарған қызметіне ризашылығын білдірді. Мерейтой иесінің иығына қазақы дәстүрмен шапан жабылып, өзге де құрмет көрсетілді.

**Әділжан ҮМБЕТ.**

АЛТЫН КҮЗ-2013

# БЕРЕКЕ МЕН МЕРЕКЕ

**Шиеліліктер «Алтын күз» мерекесін ерекше ықыласпен тойлады. Жиын-терімді үлгілі аяқтаған диқан қауымы берекелі күздің тартуына кенеліп, оны шат-шадыман көңілде жалғастырды. Қашанда көш басында жүретін шиеліліктер биылғы күзді де ерен табыстармен қорытындылағалы отыр. 24177 гектар жерге орналастырылған түрлі ауыл шаруашылығы дақылдары ұйымшылдықпен жинап алынды. Мал шаруашылығында да толымды табыстарға қол жеткізілді. Осындай жетістік нәтижесі салыстырмалы бағамен есептегенде есепті кезеңге 2,3 млрд. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндіруге мүмкіншілік берді.**

Шиелі ауданы өнеркәсіп өндірісі мен кәсіпкерлік саласы жақсы дамуымен ерекшеленеді. Ауданның өнеркәсіп орындары 2013 жылдың есепті кезеңінде 14 млрд. 462 млн. теңгенің өнімін өндіріп, өнім көлемі 2012 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексімен 103,3 пайызды құрады. Аталғандай жүйелі жұмыс арқасында ауданда тау-кен өндірісі 10 млрд. 232 млн. теңгеге жеткізілді.

Инвестиция, құрылыс саласындағы ілгерілеушілік ауданның рейтингін көтеріп тұр. Жоғарыда көрсетілгендей нәтижелі жұмыстар аудан халқының әлеуметтік жағдайын жақсарта түсіп, мепкелік көңіл-күйге жақсы әсер еткендігін айтқан жөн.

Биылғы тойдың өзгелерден ерекшелігі ақын, сазгер, әнші, әділет жолындағы күрескер Иманжүсіп Құтпанұлының 150 жылдық мерейтойына арналуы еді десек, жаңылыспаймыз. Осы мереке аясында «Алты Алашқа аты мәшһүр Иманжүсіп» атты шара кең көлемді қамтыды. Осы тақырыпта облыс орталығында ғылыми-конференция өткізілсе, «Даланың даркан тұлғасы атты» жазба ақындардың мүшәйрасы және «Ақ балдақ алмасымның сынығысың» атты айтыс ақындарының сайысы да қызықты тамашаланды.

Аудан орталығындағы стадионға ақ шағаладай киіз үйлер тігіліп, түрлі ұлттық спорт ойындары өткізіліп жатты. Аудан өнерпаздары тақырыпқа сай театрландырылған қойылым көрсетіп, Иманжүсіп атамыздың ерлік ісін паш етті.

Сахна төріне көтерілген аудан әкімі Мұрат Ергешбаев ауыл шаруашылығының қорытындысы туралы баяндама жасап, сала үздіктерін марапаттады. Олардың арасында «Қаптағай-К» ЖШС бас аграномы Әбуасан Тілеуов, «Шиелі авангард» ЖШС өндіріс бригадирі Ерлан Сұлтанов, «Жаңа Бестам» ЖШС комбайнері Мақсат Жантай, белгілі кәсіпкер Бағлан Әшірбеков және басқалар бар. Сондай-ақ, ауданның дамуы мен ынтымағына лайықты еңбек сіңірген 9 азаматына «Ауданның құрметті азаматы» атағы беріліп, арнайы жасалған төсбелгі тағылды.

Жазба ақындар мүшәйрасында ақын Дүйсенбек Аяшұлы бас жүлдені иемденсе, Толыбай Абылаев пен Талғат Күзенбаевтар онан кейінгі орынға тұрақтады. Ал айтыс ақындарының бәсекесінде шиелілік ақын Иранғайып Күзенбаев бас жүлде 1 млн. теңгені қанжығасына бөктерді. Бірінші орын шымкенттік ақын Нұрлыбек Есенқұловқа, екінші, үшінші орындар астаналық Ринат Зайтов пен оралдық Жансая Мусинаға бұйырды. Олар да қомақты сыйақы алды және өзге де қатысушылар кәдесіз қалмады.

Көрнекті жазушы Қалмақан Әбдіқадыровтың туғанына 110 жыл толуына орай қаламгер қызмет еткен аудандық «Өскен өңір» газетінің редакциясына ескерткіш тақта орнатылды.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

# БАҚЫТЫ ЖАНҒАН ЖІГІТ



Көптің тілегі қабыл болады деседі. Қазалыдағы егін жинау науқанынан соңғы күн қабағы осындай тұжырымға жетеледі. Табиғаттың тылсым күші бұл жолы да диқандарға жомарттық танытты. Маусым кезінде ашық күн райы енді күрт бұзылды. Құдды дала перзенттерінің жиын-терімді сәтті өткізуін күтіп тұрғандай әсер қалдырады. Танаптағы егісті қамбаға құйып үлгерген қабырғалы қауым мәре-сәре. Биыл қазалылық диқандардың өнімі бөтен болған жоқ. Жаз бойы төгілген тердің қарымтасы қайтты. Тындырымдылығымен танылғандарға еңбегіне қарай сый-құрмет жасалынды. Қошеметке бөленді.

Солардың бірі «Сыр маржаны» ЖШС жатка жүргізушісі Омар Сәрсенбай болатын. Жұлдызы жанған жігіт жүзден жүйрік шықты. Облыстық «Алтын күз» мерекесінде аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың қолынан «Озат жаткашы» номинациясына қоса автокөліктің кілтін иеленді. Кез келгенге қонбайтын несібе.

Омар ширек ғасырдан бері темір тұлпарды тізгіндеп келеді. Шаруақорлық оған атаның қаны, ананың сүтімен дарыған. Олай дейтініміз Омардың әкесі Кенжебай да кезінде кеңшарда жұмыс жасаған-ды. Қаршадайынан отбасына қолғабысын тигізген ауыл баласы еңбекпен есейді. Бұғанасы бейнетпен бекіді. Орта мектепті бітірген бойда Омар сол кездегі XXII партсьезд атындағы кеңшарда механизатор атанды. Міне, сонан бері де сан жылдар сырғып өтті. Бұған дейін Омар Ресей техникасымен күріш оратын. Ол тұста да өзгелерден шоқтығы биік болды. Маусымда 400-450 гектар жердің егісін дестеге салып жүрді.

Биылғы жыл Омарға бақыт сыйлаған жыл іспетті. Ол еңбек ететін «Сыр маржаны» ЖШС Қазалыдағы іргелі ұжым саналады. Нақты кезеңде күріш өңдеуді Оңтүстік Корея технологиясымен жүргізеді. Сағатына 5 тонна күріш ақтайтын зауыт іске қосылды. Күріш өңдеу кешені шикізаттың сапасына қарамастан жоғары сортты өнім дайындайды. Зауыт дәнді қабылдап, өңдеп, дайын өнімді өткізуге дейін атқарады. Мұнда ақталған күріш сумен шайылып, тегістеледі. Нәтижесінде дәмі мен түрі жақсарады.

Аудандық мәслихат депутаты Мінажадин Өтеев басқаратын бұл серіктестік машина-трактор паркін жаңалауды ерекше назарда ұстайды. Соңғы уақытта «ҚазАгро» АҚ-дан лизингтік тәсілмен қыруар техника әкелінді. Әсіресе Германиядан шыққан аса қуатты «CLAAS» комбайны, «MacDon» жаткасының өнімділігі жоғары. Неміс комбайны маусымына 20-22 мың центнер астық бастырып, «MacDon» тәулігіне 30-40 гектар жердің күрішін орады екен. Яғни, Ресейдің 4-5 техникасының жұмысын бір өзі атқарады деген сөз. Осындай алып дала кемелерінің арқасында серіктестікте егілген 1800 гектар күріш бас-аяғы 18 күнде толықтай жиналып алынды. Бұрын-соңды кездеспеген көрсеткіш.

Барды ұқсата білу де ұқыптылық. Серіктестік директоры мамандармен ақылдаса келе, қымбат та құнды техниканы басқаруды Омар Сәрсенбайға сеніп тапсырды. Жаратылысынан салмақты мінезді Омарға аманатқа-қиянат жасау өліммен тең еді. Таңның атуы, күннің батуына қарамастан бел шеше қимылдады. Осылайша қажырлы жігіт тек бір өзі ғана 1501 гектар жердің күрішін орып, көзге түсті. Мұнан кейінгі жайт оқырмандарға жақсы мәлім.

– Омар нағыз тәртіптің адамы. Оған қоса ішімдік, шылым, өзге де зиянды әрекеттен бойын аулақ ұстайды. Өзіне жүктелген тапсырманы қашанда тап-түйнақтай қылып орындайды. Еңбектің өтеуі болуы заңдылық. Омарға маусымдық жалақы, сыйақысын қосқанда 700 мыңға жуық ақша есептелді, – дейді аудандық мәслихат депутаты, «Сыр маржаны» ЖШС директоры Мінажадин Өтеев.

Еңбектің наны тәтті деген осы да.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы,
Ақтан батыр ауылы.

**Осыдан бірер жыл бұрын жарияланған Елбасының "Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам" атты мақаласында жаһандық бәсекелестік жағдайында еңбек алдыңғы кезекке ілгерілеу керектігін атап көрсеткен еді. Еңбек мектебінен алған тәлім адамға өмірлік азық болатынын айрықша атап өтті. Сондай-ақ қарапайым еңбек адамының беделін көтеру туралы өрелі ойлар айтты.**

# ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК



Бүгінде "зиялың кім, тұлғаң қайсы?" дегенде, егіс басынан алысқа ұзамаған, төрт түліктің қамымен жаз жайлауда, қыс қыстауда бейнетті белшесінен кешкен жандар айтыла бермейтін. Жақында өткен "Алтын күз" мерекесінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев еліне еңбегі сіңген, кезінде Социалистік Еңбек ері атанған ардагер аға-апаларға айрықша құрмет көрсетті. Сол сәттегі салтанатқа қатысушылардың ризашылығы олардың орындарынан тік тұрып қол шапалақтауынан анық байқалды. Еңбек адамына көрсетілген лайықты құрмет үлгісін жұртшылық ұзақ уақыт ұмытпайды деп ойлаймын. Басшылықтың бұл қадамы, әсіресе өскелең ұрпаққа өнеге болды. Олар ерінбей еңбек еткен адам елдің алдында тұратынын ұғынды.

Аймақ басшысынан автокөлік кілтін алған Еңбек ерлерінің барлығы да бейнетінің зейнетін көріп отырған адамдар. Олар маңдай тердің өтеуі еңбектен қайтатынын жас ұрпаққа ұдайы айтып отырады.

Өңірде егін-терім аяқталғалы бері еңбек адамын ұлықтайтын шаралардың бірнешеуі өтті. Алдағы демалыс күндері Цай Ден Хактың 100 жылдығы, басқа да қайраткерлердің мерейтойлары аталуда. Бұл еңбек еткен адамның еңсесі ешқашан да төмендемейтінін айғақтайтын шаралар. Осыларды көрген жастардың еңбекке деген оң көзқарасы қалыптасса, шараларды ұйымдастырушылардың мақсаты орындалғаны деп білемін.

**Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**ҚМУ-дың профессоры.**

# ТОҚШЫЛЫҚ ТОЙЫ

Берекелі де мерекелі алтын күз келіп, Сыр аймағы молшылықтың торқалы тойына кенелуде.

Сырдың сырлы толқынында өрілген,
Жатыр дала сары алтынға көмілген.
Мерейі үстем, мәртебесі жоғары,
Мол өнімнің биігінен көрінген, – дегендей, биылғы жыл сырдариялықтар үшін несібелі жыл болды. Еліміз егемендік алғалы қамбаларын дәнге, қораларын малға толтырған Сырдария ауданы еңбеккерлері «Ауыл шаруашылығы жылы» қорытындысы бойынша бас бәйгені қанжығаларына байлап, молшылық мерекесінің шуағына кенелді.

«Берекелі, мерекелі – Алтын күз-2013» атты сабантойға жиналған қауымнан көз сүрінеді. Қатарласа тізілген ақбоз үйлердің ақ дастарқандары келушілерге жайылып, ән мен күй көкке қанат қағып жатыр. Ел тайқазанын тасытқан егінжай ерлеріне аудан әкімі Ғанибек Қазантаев жүрекжарды лебізін жеткізді.

Аудан егінші-механизаторлары биылғы жылы Сыр салысы егілген 17920 гектар жердің әр гектарынан 51,3 центнерден өнім жинап, қамбаға 91929 тонна алтын астық құйып алды. Жекелеген шаруашылық құрылымдары бойынша Д.Ералиев басқаратын «Мағжан және К» ЖШС егілген 2002 гектар жердің әр гектарынан 71 центнерден Сыр салысын жинап, қамбаларына 14214 тонна күріш құйып алса, А.Камалатдин төрағалық ететін «Мәдіқажы» атындағы ЖШС 2550 гектар күріштің әр гектарынан 50 центнерден өнім жинап, қамбаларына 12750 тонна күріш құйған. Ал, жоңышқа өсіруші Ғ.Спанов аса құнарлы мал азығын күтіп-баптап, оның әр гектарынан 220 центнерден жоңышқа шөбін жинап, облыстың көшбастаушыларының бірі болса, «Сыр аймағының озат түйекеші» номинациясын 170 бас түйені толықтай аман сақтап, әрбір 100 інгеннен 50 бота алуды қамтамасыз еткен «Алиакбар-Ата Агро» шаруа қожалығының түйекеші Б.Тасыров жеңіп алды. Ауданның Сыр аймағының көш басына шығуына Б.Қадыровтың «Шаған Жер» ЖШС мен А.Құлбаев басқаратын «Қызылдихан» шаруа қожалықтары да сүбелі үлестерін қосты.

– «Әлемнің әміршісі – еңбек» деп, Елбасымыз айтқандай, биылғы жылғы сырдариялықтардың ересен еңбегіне ел-халқымыз риза. Қамбамыз астыққа, дастарқанымыз нанға толсын, – деген Ғ.Қазантаев еңбек озаттарын марапаттады.

Мұнан соң көршілес Жалағаш ауданының аудандық мәслихат хатшысы К.Сүлейменов сөз алып, сырдариялықтарды еңбек жеңістерімен құттықтап, ескерткіш сыйлық табыс етсе, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Шаухаманов сырдариялықтарға тілегін алғаусыз жеткізді.

Салтанатты шараға қатысушылар мемлекет және қоғам қайраткері Қонысбек Төрешұлы Қазантаевтың 90 жылдық мерейтойына арналған «Мәңгілік ізін қалдырған» атты көрмені тамашалады.

Ауылшаруашылық өнімдері жәрмеңкесіне қатысушылар орталық аланда спорттық жарыстарды тамашалап, аудан өнерпаздарының әсем әндері мен күмбірлеген күйлеріне кенелді. Салтанатты шарада кешкілік гала концерт беріліп, соңы отшашуға ұласты. Сырдариялықтар молшылық мерекесінің шуағына бөленді.

**Еркін ӘБІЛ.**
Сырдария ауданы.

ЦАЙ ДЕН ХАК – 100

1937 жылы қыркүйек айының аяғында Қиыр Шығыстан сталиндік қуғын-сүргіннің әсерінен, яғни, депортациялық жолмен корей халықтары Қазақстанға көшіріледі. Осы корей халқының бірсыпырасы біздің Қармақшы ауданына келді. Оларды аудан басшылары қыстап шығуға жертөлелерге 48 отбасын, яғни, шағын екі артельді орналастырды. «Червонная Земля» төрағасы Пак Ин Гван, «III Интернационал» төрағасы Цай Ден Хак Қашқансу табанына қоныстанды. Үшінші ұйымдастырылған колхоз төрағасы Ким Тен Сем Бозарқаш («Утренная Заря») колхозына орналасты. Сөйтіп, жаңа қоныстанушылар көңіл елегінен өткізе келіп, бұл өңірдің күріш егісіне қолайлы екенін анықтады.

# Алтын жұлдызды Азамат



Ежелден еңбекқор халық осы өңірді құтты орынға айналдыруға құлшына кірісті. Сол уақытта аудан көлемінде 38 колхоз болатын. Құрылыс салуға бейім адамдар жинақталып, сұрыпталып, үш айдың ішінде колхозшылар тұратын үйлер салынды. Бірінші қыркүйек күні балалары оқитын жаңа мектеп үйінің құрылысы аяқталғаны тарихтан белгілі. Бұл біздің, қазақ халқының қонақжайлылығы, мейірмандығы, басқа ұлтты бөтенсімейтін бауырмалдығы екенін айтпай-ақ сезіндіреді.

Алғашқы жылы Цай Ден Хак басқаратын колхозда 48 тұрғын үй, 120 еңбекке жарамды колхозшы болған. Ал, 1940 жылы колхоз шаруашылығы едәуір ұлғайып, үй саны 84-ке жетіп, колхоз мүшелері көбейе түскен. Сол жылдары көктемгі егіс науқанына 5 автомашина, 11 атсоқа, 7 шөп оратын косылка, 44 арба, тағы да басқа ауыл шаруашылығы құралдары тартылған. 150 бас ірі қара, 50 бас жылқы, 180 бас қой өсірілген. Ауыл адамдары Ұлы Отан соғысы жылдарында «Тыл да майдан!» деген коммунистік ұранмен еңбек еткен. Соғыс басталған жылдың күзінде колхоз диқандары егілген 215 гектар күріштен 3689 центнер өнім алуды қамтамасыз етіп, оның 2450 центнерін мемлекетке тапсыруды аса жауапкершілікпен іске асырды.

1944 жылы, Ұлы Отан соғысының ауыр кезінде, Грузия Республикасындағы Месхетин таулы өңірінен түрік ағайындар Қазақстанға жер аударылды. Сол уақытта Қармақшы ауданының Қашқансу ауылдық кеңесіне 28 отбасы көшіп келді. Түрік ағайындарға қолдан келгенінше көмек берілді. Ал, 1950 жылдары еліміздің майда колхоздары іріленіп, біріктіріле бастады. Міне, колхоз экономикасының шарықтап көтерілуі де осы жылдардан бастау алатынын көнекөз қариялардың әңгімесінен талай естіп едік.

1950 жылдың қыркүйек айында Қашқансу табанындағы шағын «Червонная Земля», «II-Интернационал» мен «Бозарқаш» маңындағы «Утренная Заря» колхозшылары өз еріктерімен біріктіріліп, жаңа колхоз «III-Интренационал» деп аталды да, сол колхоздың төрағасы болып мінезі қарапайым, адами қалпы өте таза, талантты басшы, іскер азамат Цай Ден Хак сайланды. Міне, сол жылы күріш егісінің көлемі 750 гектарды құраса, ірі қара малы 1600 бас, қой саны 9000-ға жетіп, күріштің әр гектарынан алынған орташа өнім 18-20 центнер аралығында болды. Бұл сол кезеңдерде өте жоғары көрсеткіш болатын. Ал, 1956 жылы колхоздың жалпы егіс көлемі 1851 гектарға жетіп, оның 700 гектары таза күріш егісі болды. Бұл жылы колхоз еңбеккерлері күріштің әр гектарынан 38,2 центнерден өнім алып, бұрын-соңды болмаған табыстарға қол жеткізілді. Соның нәтижесінде колхоз төрағасы Цай Ден Хаққа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Колхоз көшелеріне асфальт төселді, жаңа тұрғын үйлер, мәдениет үйі, қонақ үй, жаңа мектеп, колхоз басқармасының ғимараты, мал фермасы орталығы, сүт комплексі, тағы да басқа әлеуметтік маңызы бар нысандар бой көтеріп, әрбір тұрғын үйлерге сол кездің өзінде ауыз су кіргізіліп, аяқ су апарылған еді. Елдің келешегін алыстан ойлаған көреген басшы ағамыз Цай Ден Хактың өмір өнегесі, ісі мен жасаған еңбегі халықтың жүрегінде өшпес әріппен жазылып, ұрпақтан ұрпаққа тарайтын тұлға болды.

Цай Ден Хактың өмір жолына жіті үңілсеңіз, қиыншылыққа тап келген жастық шағын, өз тұстастарынан бөле жарғанмен өзіндік ерекшелігі, соқтықпалы-соқпақты ерекше болғанын көресіз. Елді өсіріп, еңбек етемін дегендерді өрге қарай сүйреп, өзінің бүкіл ғұмырын ел келешегіне арнап, өркениет көшіне ілестірген осынау абзал жандардың өзінше салып кеткен соқпағын елі ұмытпайды. Күні кеше ғана арамызда жүрген осынау ғажап жандардың рухы өшкен жоқ. Бір сөзбен айтқанда, олардың адамдық тұлғасы ұлттың бейнесіне айналып кеткен.

Ұмытпасам, 1962 жылы болу керек, мектепте оқушы кезімізде көршілес III-Интренационал колхозына жүгері жинау үшін көмекке бардық. Сол кездің өзінде ол көмекке барған оқушыларға, өз еңбеккерлеріне жасап жатқан жағдайларының керемет екендігіне бала да болсақ көз жеткізгенбіз.

Ол кісі көп сөйлемейтін, мақтануды, мадақтауды, артық, көпірме сөз айтуды жақтыра бермейтін. Асыра айтуға, құрғақ уәде беруге өте сараң болатын. Бірде аудандық партия комитетінде аудандық комсомол комитеті бірінші хатшысы ретінде кездесіп, сол кезде жас күрішшілер арасында Социалистік Еңбек Ері Цай Ден Хак, жас механизаторлар арасында Социалистік Еңбек Ері Қасымтай Ізтілеуов, жас шопандар арасында Социалистік Еңбек Ері Әділбек Хайруллаев атындағы жүлде ұйымдастырып, оны жыл қорытындысымен аудан жастарының үлкен жиынында тапсыратынымызды айтып, сол жүлдені өзіңіз тапсырасыз деп, қолдау көрсетуді сұрадым. Әңгіменің мән-жайын мен айтып болмай-ақ түсіндім деп, менің қолымнан алып еді. Цай Ден Хак ағамыз өте жаңалыққа жаны құмар кісі болатын.

Цай Ден Хак ағаның тағы бір көрегендігін байқағаным, мен аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары болып жұмыс жасайтын кезімде жеке азаматтарға автокөлік беру жөніндегі аудандық комиссия төрағасы жұмысын қоса атқаратынмын. Ол кісі III-Интернационал колхозынан жеке автокөлікке сұраныс салғандар үшін жекеменшік үйі бар ма деген анықтамасының болуын сұрауымды, соны комиссия отырысында басшылыққа алуды сұрады. Кейіннен білгенімдей, олар жеке үй салмайды, машина алуға құмар. Қажет болған жағдайда алған машиналарын екінші біреуге сатып, ақша тауып, тіпті күріш егуге құштар тұрғындардың болмай бара жатқанын және колхоздың табысы барлық тұрғындарды жеке тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндіктің жоқ екенін алдын ала ойлағаны деп білдік. Кейіннен ол кісінің қойған талабы аудан бойынша іске асып, сол тәртіппен жұмыс жасалған еді. Аудандағы сауын сиырлардың тұқымын асылдандыруға әуелі мұрындық болып жұмыс жасаған да осы кісі болатын. Көршілес Байқоңыр ғарыш айлағын салып жатқан әскерилермен де алғаш тіл табысып, жақсы пайдаланған да осы ағамыз еді.

Бірде кабинетіме келіп, Жосалы совхозының директоры Жақсылық Жалғасбаевтың үйіне бірге баруымды сұрады. Жәкеңнің жолдасы Любаның анасы төсек тартып жатып қалған екен. Люба және оның анасы да корей ұлтынан болатын. Байқасам, сол кісінің көңілін сұрауға барғаны белгілі болды. Біраз әңгімелесіп отырып, қиын кезеңдерді еске алып, көзіне жас алып, толқығанын сол жерде көріп едім. Ол кісінің жүрегі жұмсақ, нәзік болатын. Алдына барған кісінің әңгімесін аяғына дейін тыңдайтын. Өте қарапайым адам болатын. Табанды, жігерлі, жаңалыққа құштар, адамгершілігі мол адамдарды ұнататын. Менмендікті құдай да қолдамайтынын жақсы сезінетін. Қанша жыл басшы бола жүріп, өзін халықтан жоғары қойып көрген емес. Бұл Цай Ден Хак ағаның бойына туа біткен қасиеті болатын.

«III-Интернационал» колхозы күріш өндірудің озық технологияларын іске асырған аса ірі күріш фабрикасына айналып еді. Онда талай майталман күрішшілер мен жас кадрлар, басшылар өсіп шықты. Бірлігі мол 17 ұлт пен ұлыстың басын құраған облыстағы іргелі шаруашылық болды. Сол колхозда көп жыл бас агроном болып, ауыл шаруашылығының білгір маманы атанған, қазір «Жаңажол» жауапкершілігі серіктестігін бұрынғы «III-Интернационал» колхозының жеткен биігінен асырып, табысын молайтып, облыстағы ең үздік күріш фабрикасына айналдырып отырған Цай Ден Хак ағамыздың шәкірті Қылышбек Әбішов өзінің ағасын сағынышпен еске алады. Жақсы адам жөнінде жылы лебіз, мақтау, мадақтау айту қандай ғанибет! Осындай айтулы азамат бей-берекет сөзге құмар болмаған, көзге түсуге құлшынысы жоқ, әрдайым бетегеден биік, жусаннан аласа қалпын мәңгі сақтап өткен Цай Ден Хак ағамыз болатын.

**Нұртілеу САЛЫҚОВ.**
Қармақшы ауданы.

---

АУЫЛ

Шағыл төбеден асып түскенімізде әсем көрініске куә болдық. Бұрын бұл маңда «Шөлқұм» аталатын елді мекен қоныстанған-ды. Баршаға салмағын салған оңтайландыру саясаты шағын ауылды да айналып өтпеді. Тұрғындары үдере көшкен жұртта санаулы адам қалған еді. Қазір мұндағы ағайынның тіршілігіне қайтадан нәр жүгіріпті. Қыстау төңірегінде түліктің бар түрін кездестірдік. Бас-аяғы бірнеше үйдің жанында түрлі үлгідегі техникалар тұр.

# Шалғай Шәкендегі шаттық

Жанымдағы жолсерігім Мұхтар Жұбандықов «Бұрынғының қазағының белдеуінде арғымағы болса, енді темір тұлпарды тізгіндепті» деп сүйсінгенін жасырмады. Көз жетер тұстағы айдынды «көл шығар» дегенбіз. Қателесіппіз. Ағыны көкке шапшыған бұлақтан жиналған су екен. Желмен тербелген толқынды кешіп сусынын қандырған үйір-үйір жылқылар тым қонды көрінді. Дөңнің баурайында нар-қоспағы аралас түйелердің келесі, желіндері жер сызған сиыр табынын да көзіміз шалды.

Күн түске таласқанда Шәкен ауылына табан тіредік. Ауыл орталығындағы жаңадан басталған құрылыстың жанында қарақұрым шоғыр жүр. Ақсақал – қарасақал, үлкен-кіші түгелдей жиналған тәрізді. Округ әкімі Болат Әміреевтен мәнісін сұрағанымызда асар тәсілімен клуб салынып жатқанын естідік. Нысанның жанында шырқалған әсем әуен кеудеңе қуаныш ұялатады. Келбетті өңді Марияш Ниетәлиева өзге де ауыл аналары бірнеше қазанда ас дайындап жатыр. Бұл сурет даланың дархан пейілі әлі де қаз-қалпында сақталғанын жадымызға салды.

Аудан әкімі Бақыт Жаханов, орынбасары Сұлтан Махашов, «Сыр маржаны» ЖШС директоры, мәслихат депутаты Мінәжадин Өтеевті осында жолықтырдық. Демалыс күні қиырдағы Шәкеннен аудан басшыларын кездестіреміз деп күтпеген едік. Қашан да байсалды қалпынан танбайтын Бақыт Дүйсенұлы ауылдың ахуалын білуге аралап шыққандарын жеткізді.

Қалыптасқан дағдымен Шәкеннің тыныс-тіршілігімен танысуға кірістік. Алғашқы аялдағанымыз Анар Тілеубергенова жетекшілік жасайтын амбулатория болды. Ұжым аудандық диогностикалық емхананың бөлімшесі есептеледі. Тәжірибелі де білікті дәрігер Анар бастаған мұндағы ақжеленділер қауымына жүктелер міндет салмақты. Ұзын-ырғасы 240 шақырым аумақты қамту оңайға соқпайды. Биылғы жартыжылдықта 12 нәресте дүние есігін ашыпты, ана өлімі тіркелмеген. Жедел жәрдем көлігі жарамды.

«Алайда, бейімделген ескі ғимаратта кабинеттер тапшылық етеді. Күндізгі стационар он бір төсекке арналғанымен одан әлдеқайда аз. Себебі бөлме жетіспейді. Тұрғындарды флюорографиядан өткізудің де өзіндік қиындығы бар. Шилідегі трансформатордың қуаты аз. Тапа, Қожақазған, Шөлқұмда электр желісі жоқ» дейді өзімізбен тілдескендер. Сондай-ақ, Тапада фельдшер болмауы да кедергінің бірі. Шалғай ауылға жас мамандардың келе бермейтіні жалған емес. Нысан күтімнің күшімен тұр. Шарбақтың іші жалжал құмға толы. Компьютер болғанымен, интернетке қосылмаған. Порталға салу үшін аудан орталығына баруға мәжбүр. Нормативке сәйкес ауру, сау балаларды, ересектерді қабылдау бөлмесі бөлек болуға тиісті. Шәкенде әзірше ондай жағдай жоқ. Десе де, тығырықтан шығар сәт қашық емес. Елді мекенде типтік үлгідегі дәрігерлік амбулатория бой көтеруде. Жыл аяғына дейін іске қосылмақшы.

«Қарты бар үйдің-қазынасы бар». Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жаңбырбай Махамбетжановпен әңгімеміз салғаннан үйлесті. Бастауыш ұйымда қырық алты ардагер есепте тұрады. Ауылда Әлмахов Әбжәми есімді жалғыз соғыс ардагері бар. Тоқсан жастағы атамыз әлі тың. Ауылдағы қоғам өміріне ардагерлер белсене араласады. Төрт түлік өсіретін елді мекенде шаруа жайы жылдан жылға оңалуда. Ауданмен байланыстыратын қара жолды тым құрыса грейдерлеп берсе деген Жаңбырбай жұртшылықты мал суғаруға арналған бұлақтың тозығы жетуі қинайтынын да жасырмады. Көнетоз «КАВЗ» маркалы автобус кентке аптасына екі мәрте қатынайды. Бірақ конкурс талабына сай келмегендіктен тендерге қатысуға дәрменсіз. Салоны қыста өте салқын болатындықтан адам аз мінеді. Шәкендіктер көтерген бұлақ мәселесі көп ұзамай шешілетін сыңайлы. Сапар барысында аудан әкімі Бақыт Жаханов бұлақ қазуға қаржы бөлінгенін, келешекте үйүйге тарту межеленгенін жеткізді.

«Сыбаға» бағдарламасымен округте бірнеше шаруа қожалығы несие сұрап өтініш беріпті. Қолға тиген 25 млн. теңгеге мүйізді ірі қара алынған. Ет бағытындағы сиырлар, асыл тұқымды бұқалар жеткізілген. «Сыбағаның» сыйын көргеннің бірі – Айнагүл Мұратова. Ол еңбегінің жемісін татып, кәсібін дөңгелентуде. Елді мекендегі №134 орта мектеп үйі де ескі ғимаратқа қоныстанған. Өткен оқу жылында 109 оқушы, биыл 86 шәкірт білім нәрін бойға сіңіруде. Мектеп жанындағы интернат апатты жағдайда екен, іргетасы жемірілген, құрал-жабдықтардың да тозығы жетіпті. Мектеп директоры Марат Кеулімжайдан білгеніміз интернатта теледидар жоқ. Аудан әкімі жуырда жаңа құрал-жабдықтар бергізуге уәде беріпті. Ал келесі жылы интернат мектеп ғимаратымен қоса салынбақшы.

Алыс ауылдағы біз көрген ақиқат міне осындай.

***Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.***
Қазалы ауданы.

КӨНЕ ҚАЛАЛАР – КӨМБЕ ТАРИХ

**Шірік-Рабат кешені Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 300 шақырым, Қармақшы ауданы Т.Көмекбаев ауылынан оңтүстікке қарай 100 шақырымдай жерде, Жаңадарияның ескі арнасының сол қапталында орналасқан. Шірік-Рабат кешенінің құрылымы ерекше болып келген. Алып храм іспеттес жерлеу орындарын айналдыра қоршалған қамал-қабырғалары уақыт өте келе жаңғырта кеңейтіліп отырған. Зерттеушілер қамал-қабырғалардың сырты айнала су толтырылған орлармен қоршалғандығын және Шірік-Рабат кешенінің б.д.д. VII-II ғ.ғ. масагеттердің (Ұлы сақ ордасы) апасиак тайпасының астанасы болғандығын алға тартады.**

# ШІРІК-РАБАТ

## Жетіасар алқабындағы ежелгі өркениет жауһарлары

Шірік-Рабатта, сонымен қатар Бәбіш-Мола, Бұланды, Ұйғарақ, Түгіскен секілді ежелгі өркениет ескерткіштеріне алғашқы ауқымды қазба жұмыстарын өткен ғасырдың орта шенінде Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ С.П.Толстов) жүргізеді. Табанды жұмыс нәтижесінде жоғарыда аталған жәдігерлер жөнінде құнды деректер алынып, бастауын Сырдан алатын ескі арналар бойынан қола, ерте темір дәуірінің жерлеу орындары мен тұрақтары, қалашықтар мен обалар, асарлар, антикалық, ортағасырлық елді мекендер, қорғандар анықталады. Жалпылама «Жетіасар алқабы» деген атаумен танымал бұл ескерткіштер кешені тамырын тереңге жіберген, қазақ елінің сан-салалы тарихынан мол мағлұмат беретін алып бір бәйтерек іспетті. Қазіргі таңдағы Сыр жағалауынан бастап Әмударияға дейінгі аралық – Туран ойпаты ерте дәуірлерде адам баласының тіршілік етуіне қолайлы, нулы да сулы, бай флора-фауналы аймақ болған. Мұнда әлемдік тарих сахнасынан ойып тұрып орын алған сақ, масагет тайпалық бірлестіктері ұзақ ғасырлар бойы тұрақтап, осынау жер жәннатын басқыншыларға алдырмау мақсатында толассыз күрес, тегеурінді қорғаныс шараларын жетілдіріп отырған.



Шірік-Рабат



Бұланды-2

Ғалымдардың пікірі бойынша масагеттер – Каспий сырты мен Арал теңізі жағалауларын мекендеген тайпалар тобының ортақ атауы. Масагет атауының шығу тегі: мо (ұлы) сағ (сақ) гет (ғұт) деген сөздерден құралған болуы ықтимал. Бұл, әрине, болжам.

Белгілі өз аймақтарында көшпелі өмір кешіп, мал, егін шаруашылығымен айналысқан, әскери мақсаттағы басқару әкімшілік қамалдары мен қорған-бекеттер (асарлар) салып, діни салт-жоралғыны берік ұстана білген деп топшылауға болады.

Антикалық мәлімет берушілер Страбон: «Скифтердің көпшілігі Каспий теңізінен бастап дайлар деп, ал одан әрі шығысқа таяулары масагеттер және сақтар деп аталады. Бірақ әрбір тайпаның жеке өз атаулары бар. Олардың барлығы көбінесе көшпелі өмір сүреді»., масагеттер туралы: «олар – төзімді атты және жаяу әскерлер; садақ, пышақ, сауыт және мыс балталармен қаруланған. Ұрыс кезінде алтын белбеу және сондай шүберек байлап алады. Аттарының ауыздықтары мен тартпаларына дейін алтындалған» деп жазса, Геродот: «...осы ұлан-ғайыр (Туран) даланың көпшілігін масагеттер мекендейді. Оларға қарсы Кир де соғыс ашпақшы болды. Патша Кир масагеттерді бағындыруды армандаумен болды. Бұл халық – әрі көп, әрі жауынгер саналады, ал өздері шығыста Аракс (Аакс, Оксус, Әму О.Ә.) өзенінің арғы бетінде, исседондар (үйсіндер) жағында тұрады» деген жазбалар қалдырған.

Қазіргі Қызылқұм сахарасында қалған Қуаңдария, Жаңадария, Ескідария, Інкәрдария, Дайрабай, Ащылысай сияқты ертедегі арналар бойында әр кезеңдегі (жаңа тас, қола, темір дәуірінің, антикалық, ортағасырлық және кейінгі) ескерткіштердің шоғырланып орналасуы ықылым замандағы алып та қуатты өркениеттің бүгінгі таңдағы ұрпақтары екендігімізді аңғартады. Спектр шұғыласының түстерін бір-бірінен ажырата алмайтындай, бұл аталған аймақтың ескерткіштерін кезең бойынша зерттесе де, бір-бірінен бөліп-жарып қарай алмастай біте қайнасып жатыр.

Академик С.П.Толстов: «Жетіасар шамамен б.д.д. IV ғасырдың жәдігері» деп көрсетсе, Л.М.Левина 1960-1986 жылдары Жетіасарға тереңдетілген қазба жұмыстары нәтижесінде аталған мәдениеттің темір дәуірінен б.з. VII ғасырына дейін тіршілігі тоқтамағандығын айғақтайды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, Елбасының назарындағы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен қаржы қаралып, Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы (ШРАЭ) жасақталды. Ә.Марғұлан атындағы археология институты, т.ғ.к. Ж.Құрманқұловтың жетекшілігімен Шірік-Рабат, Бұланды Сеңгіртам кешендеріне қазба жұмыстары жыл сайын жалғасын тауып, құнды заттай деректер мен мәліметтер қатары толыға түсуде. Зерттеуші мамандардың ескерткіштерді есепке алу-барлау жұмыстарының мәліметіне сүйенсек, Жетіасар алқабынан 200-дей ежелгі өркениет орындары анықталған (Ж.Құрманқұлов). Әлемдік тарихи кезеңдерге қатысты маңыздылығымен ерекшеленетін Шірік-Рабаттағы қазба жұмыстарына Ресей, Италия, Австралия ғалымдары қатынасып, ғылыми тұрғыда ізденуге атсалысуда. Ә.Тәжекеев, Р.Дарменов, Ж.Утубаев сынды қазақстандық зерттеуші-мамандар жас та болса бас болып, ғылым игілігіне айтарлықтай өз үлестерін қосып келеді. Табылған заттай деректерге келетін болсақ: құс бейнесіндегі, қошқар мүйізді, әртүрлі нақыштағы алтын жапсырмалар, алтын, күміс, қола қапсырмалар, жартылай бағалы маржан, ақық, т.б. тастардан жасалған сырға-моншақтар, әшекейлер, сауытбұзар (қозыжауырын О.Ә) және үшкір жебе ұштары, темір семсер, садақ, қанжар қалдықтары, сүйектен жасалған өрнекті сақина мен бедерлі тарақ, шырағдандар, қайрақтар, шыны-керамикалар, сонымен қатар құндысы: бүйірінде көне жазуы бар қыш көнек пен құты қуатты да алып ежелгі өркениет жәдігерлерінің археологиялық айғақтарға бай екендігін көрсетіп тұрғандай. Әйтсе де, Сыр мен Әму сынды қос өзен аралығындағы қалалар, қорған-асарлар, мәйіттерінің өзі алтынмен апталған ежелгі жерлеу кешендерінің біршамасы өткен ғасырларда тонауға ұшыраған.

Шірік-Рабат, Қабыл-қорған, Бұланды (Қабыланды, Қобыланды?), Сеңгіртам, Бәбіш-мола (Бәміш-мола, Алп-Мамыш?) секілді тағы басқа жәдігерлерден, асарлар мен тұрақтардан табылған заттар бұл жерді мекен етушілердің ертедегі әлемдік алып мемлекеттермен қарым-қатынаста болғандығын дәлелдейді. Мұндағы мәйітті жерлеу ғұрыптары ерекше назар аудартады. Қаза болған адамды тірі кезіндегі қайраткерлік болмысына қарай, пайдаланған заттарымен бірге (қару-жарақ, әшекей, тұрмыстық бұйымдар, т.б.), бальзамдап (арулап О.Ә.) жерлеу, ғибадатхана, кесенелер тұрғызу, аруақтарға бағыштап ас беру сияқты діни жоралғылар көне сақ қоғамындағы асқақ адамгершілік түсініктердің нышанын көрсететіндей.

Грек тарихшыларының б.д.д. VIII-VII ғ.ғ. түсініктемелерінде масагеттер «етпен қоректенушілер» деп аталып, Геродот «масагеттер Күнге (Жаратушының нышаны ретінде О.Ә) табынып, оған құрбандыққа жылқы шалған. От пен суды да қадір тұтқан» деген мәлімет берсе, Страбон: «Масагет, каспи, дербек, дай сияқты сақ тайпаларының айды, күнді, отты діни-культтік тұрғыда әспеттеп, ата-баба рухын қадірлеген, қайтыс болған адамның аруағына бағыштап, бір жыл өткен соң көп мал сойып, ас берген» дейді. Б.Жандарбековтің «Саки» атты роман-дилогиясында да ержүрек сақтардың өздерінен күші басым жаулармен қақтығысқанда, ата-бабалары жерленген мазараттарға шегіне, арқа тіреп, қасық қаны қалғанша қасиетті жерлерін қорғағандығы жайында жазылады. Ата-баба аруақтарын қастерлеу, қырқын, жылын өткізіп ас беру сияқты діни салт-жоралғылар бүгінгі таңдағы қазақ халқында жақсы сақталған.

Сақ тайпаларындағы жылқықұмарлық қасиет, ұятты өлімнен күшті санайтын намыстылық, жомарттық, қонақжайлылық, т.б. дара қасиеттер ата-тек арқылы кейінгі ұрпақтарына мирас болып жеткен болуы керек.

Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы іс-шаралар ғылымдағы жаңа серпіліс, игі бастама болды. Шірік-Рабат, Бұланды сияқты ескерткіштердің далалық қазба-зертханалық жұмыстарын қаржыландыру жүйесі жалғасын тапса, бүгінгі буын мен өскелең ұрпақ өр рухты еліміздің өткеніне қанығып, тағылымды тарихи ақпараттар қалыңдай түспек. Атап айта кетер жайт, үстіміздегі жылы мемлекет тарапынан тарих ғылымына қолдау көрсету, зерттеу жұмыстарының ауқымын кеңейту шаралары шындап қолға алынды. Мұндай игілікті бастаманың басында Алаштың анасы атанған – Сыр аймағының тұрары анық.

**Олжас-Бек ӘНЕСҰЛЫ,**
**археолог-этнолог.**
Қызылорда қаласы.

## Мемлекеттік қызметке іріктеудің тиімді жүйесін қалыптастыру

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүргізіп жатқан саясатының негізгі басымдықтарының бірі ол елімізде іске асырылып отырған мемлекеттік қызмет реформасы болып табылады. Бұл саладағы Қазақстанның жетістіктерін ТМД елдерінің барлығы мойындап, жүргізіліп жатқан реформаға шетелдік сараптамашылар да жоғары баға беріп отыр.

ТМД елдерінің ішінде егеменді еліміз алғашқылардың бірі болып мемлекеттік қызмет туралы заңдылықты қабылдап, мемлекеттік қызметке орналасу конкурстық іріктеу арқылы жүзеге асыруды көздейтін, ашықтық және жариялық принциптеріне негізделген мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастырды.

Біздің еліміздің аталған мәселедегі ілгерілеушілікке қарамастан, қол жеткен табыстармен шектеліп отырған жоқ. Одан әрі тиімді мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастыруға қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттік қызмет заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Атап айтқанда, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурстың талаптары мен шарттары өзгерді. Конкурс екі кезеңнен тұратын болды. Бірінші кезеңде «Б» корпусына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне немесе оның аумақтық департаменттеріне өтініш білдіріп, тестілеуге қатысады. Яғни, азаматтар мемлекеттік қызметке тест тапсыру үшін бұрынғыдай конкурс жариялануын күтпейді. Тестілеудің оң қорытындысын алған азаматтарға сертификат беріліп, оларға конкурстарға қатысуға құқық беріледі.

Екінші кезеңде мемлекеттік орган бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізеді. Конкурсқа тестілеудің оң қорытындысы туралы сертификаты бар азаматтар қатысады. Осы арқылы, мемлекеттік органдардың конкурстық рәсімдерді өткізу уақыты 50-60 күннен 15-20 күнге дейін қысқарды.

Тест тапсыру үшін үміткерлер Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігіне немесе оның аумақтық департаменттеріне келесі құжаттарды тапсырады:

1) белгіленген нысандағы өтініш;

2) білімі туралы құжаттардың (диплом) көшірмелері (салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариатта куәландырылған);

3) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариатта куәландырылған);

4) ЖСН бар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Егер азамат еңбек қызметін атқармаған болса немесе оның өтінішінде көрсетілген лауазым санаты бойынша жұмыс өтілі талап етілмесе еңбек кітапшасын ұсыну талап етілмейді.

Қарауға тест тапсыруға үміткерлер немесе олардың өкілдері (сенімхат бойынша) қолма-қол немесе пошта бойынша толық көлемде ұсынған құжаттары қабылданады.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен облыс тұрғындарына жеңілдік ретінде олардың тікелей келмей-ақ, құжаттарды электронды форматта жолдау арқылы тестілеу күнін белгілеу мүмкіндігін қалыптастырды.

Ол үшін «Б» корпусына үміткерлер тестілеуден өтуді қалаған күнін көрсеткен өтініштің және жоғарыда көрсетілген құжаттардың сканерленген нұсқасын dgs-test@mail.ru электронды мекен-жайына жолдап, тестілеуге бір сағат қалғанда аталған құжаттарды қолма-қол ұсыну қажет.

Өтініштің электронды нысанын уәкілетті органның **kyzmet.gov.kz** ресми сайтының «мемлекеттік қызметке түсушілерге» «қажетті құжаттар» «толтыру үшін құжат үлгілері» сілтемесінен алуға болады.

**Берікбол БАЙҚОЖАЕВ,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы.**

# Байырқалы БАЙТАҒЫМ

САЙЛАУБАЙ ЖҰБАТЫРҰЛЫ

## Отан, орта, өткен, ертең туралы ой-тағандардан

*Төрткүл дүниенің кеңдігі ғажап! Шығыс пен Батысқа еңсе көтере көз салдық. Бейтаныс, беймәлім қиырларға алшаң-аршын қадамдар жасадық. Көкжиектер кеңейді. Тыныс ашылды.*

*Ең бастысы, сары жүн шапанды сабырлы даламыздың сол ортадағы кәделі орын-оябын салыстыра бағамдау мүмкіндігіне ие болдық. Сөйтсек...*

***

Қазақ «төрт жағы – төрт құбылаға» құлашын кең тастап сөйлейді. Қағбаға жүз бұрған Құбыла (араб.: «тарап») – соның бірі. Бастысы, үлкені. Ал енді, жаһанға жатырқаусыз құшақ ашқан қазақтың осынау ауқымы – ежелгі мол пішілген табиғаты, жаратылыспен етенелігі, болмыспен болымды тірлігінен болса керек.

Мандайға молынан бұйырған тау-дала, өзен-көл, жайлау-шұрат сондай ақеден көңілдің Жаратқан берген бодауы емес пе?..

***

Пенде дегенің алыстарға тамсанғыш. Ал өз өрісін, кейде, сол өзіндік қана анық болмысында бағалауды да біле бермейді.

Батыста – **Қиғаш** (Еділ саласы), Шығыста – **Ақтау** (Алтай өрі) арасын алып жатқан, Жаратқан сондай мол пішіп берген байтағымызда қанша мәнді де, сәнді шұрайлар бар. Қаншама терең сырлар тұнып жатыр! Солардың денін түстеп-түгендей алдық па? Көңіл зердесімен, жүрек зейінімен қарағанда, әлем ғажайыптарынан артық соқпаса кем түспес талай құпия ашар еді-ау олар.

«Жақыныңды жаттай сыйла!..» деген сөз туған табиғатқа да қатысты.

***

Дүниеде ұлы таулар көп. Бірақ, Ұлытау біздің далада ғана бой көтеріп тұр. Әлемде ұлы теңіздер көп. Бірақ, Ұлы теңіз Аралда ғана болатын. Дүниенің барса келместері баршылық. Бірақ, Барсакелмес біздің жерде ғана еді. Жаһанда түпсіз шыңыраулар жетеді. Бірақ, бір ғана Құрдым біздің дала төсінде жатыр. Топансу ала алмаған арарат-таулар айтылады әлемде. Бірақ, Мыңсуалмас біздің далада ереуілдеп тұр...

***

Ақ Жайықтың батыс бетінде Европаның Бельгия, Голландия, Люксембург сияқты мемлекеттері қосыла сыйып кетерліктей немесе Түркияның европалық бөлігінен бес еседей үлкен аумақты өз **«Еуропамыз»** бар. Көптеген асыл тарихымыз бен құнды жәдігерлеріміз сол бетте жатыр.

***

Алатаудың Қарқара баурайына бейім, Кеген мен Тасаши мекендері арасында өзгеше түсті бір бөлек алтынсары құм бар. Тау арасына түсіп қалған бір уыс, алақандай ғана ерек дүние... Осы жерді Әлкей Марғұлан «Моңғол шөлінен құйын көтеріп әкелген бөлек құм» деп түстепті. Құм астында (Қарахан) патшаның бір ханымының тұрағы (ставка) бір түнде ауыл-аймағымен тірілей көміліп қалған деседі. Сонан ба, ол құмда аяқ астынан жер арана тартып әкететін оппа ашылады, құм қойнауы түндер бойы күңгірлеп «сөйлеп» шығады...

Осы жайтты сол жерді жайлап отырған атақты шопан Жолсейіт Молдасанов ағамыз айтты.

***

Арқадағы Ақадыр мен Босаға бекеттері арасында, темір жолдың құбыла бетінде бір, адыр-адыр, тіпті, арса-арса таулар бой көтереді. Әсіресе, атқан таңның шұғыласы мен батар күннің қызылындағы бедерлері көрген жанды айран-асыр етер еді. Қолат-қолтығын аралап көрсе дейсің!..

«Батысыңды ұрып жіберетіндей табиғатта қызық кино түсіретін жер екен!» деп тамсанған біреу сол көрініске. Сол манда, қай-қай киноңнан да мәндірек өмір кешіп жатқан қазақтың тоқымдай бір өріс пұшпағы ол...

***

Шалқар қаласы маңындағы бөрте құмда шоқ-шоқ қарағайлар ереуілдеседі. Тосын көрініс... Қылқан жапырақты шырша тұқымдастан шөлейт жерде, әлемнің еш жерінде жоқ, шөлге аса төзімді Ливан (Финикия) самырсыны ғана өседі десетін. Сондай қасиетінен бе, сол ағаш сол елдің елтаңбасына айналған еді... Ендеше, мына қатыгез шөлдегі осынау сымбатты, сырбаз ағаштардың мына тіршілігі – көзсіз ерлік. Осы «батырларды», адам септесіп, қалыңдата тұтастырып, сыңсыған Сібір орманын көтеруге болмас па екен?..

***

Сыр аяғында биіктігі 10 метрден асатын, түп диаметрі 8-10 сантиметр нар қамыстар болды. (Үнді-Қытай бамбугінен қай жері кем?!) Дария атырауындағы аша-арнада жүзген кей кеменің діңгегінен аса, күмбездене иіліп, аспанды көрсетпей тұтасып тұрушы еді...

Аралдан салмағы 300 кило, ұзыны 5 метр шамасында жайындар ауланған...

Көлдердегі бықыған үйрек-қазды таспен ұрып алуға болар еді...

Қамыс түлігі қабан қалың қорыс арасында жол бермей өріп жүрген...

Қайда соның бәрі?!.

Теңізден ілінген тамшыдай ғана әсерлер бәрі...

***

Түптің-түбі, қазақ даласының шөлін қандыратын (қандыруға септесетін) өзіміздің **Ерен Ертіс** боларау!..

те «сайрап» жатқанда, Арал түбінен аршылған қалалар неге сондай мәнді сырлар ашпасқа?

***

Дүние жүзіндегі тұйық сулардың үшеуі ғана, жағрапия ғылымының ережесімен санаспай, «теңіз» деп анықталған. Олар: Каспий, Арал және Палестинадағы Өлі теңіз айдындары. Ежелгі тарихтың бұл кесімінде терең мән бар...

***

барды Құдайдың баласы деуге барған Иса үмбеті осы пайымға мысал. Мұнан шығатын тұжырым: 4-3,5 мың жылдық аса көне ғұмырбаяны бар Заратуштра ілімін, осы күні жұқанасы ғана қалған, шашыранды ұстанушылардың – «отқатабынушы» атанатын себебі де сол заңдылықтан. Осы қисынмен қарау көп тарихты түсіндіреді...

Бізде май түтетіп, отқа тәу ету, мешіт-мазарларда шырақшы ұстау дәстүрлері бар...



***

Қазықұрт – бүгінгі бүкіл адамзаттың сәби шағының бесігі, түп-тек өрісі, кіндік отаны. Оның басында «кеме қалғаны» да рас, оның «әулие» тау екені де рас. «Қазықұрт» атауының өзі осы жағдайлардың куәгерлік туындысы. Оның шын мағынасы – «Қазық Жұрт» деген ой бар. **Қазық Жұрт!**

Көп шындық, дәл осы, аса мағыналы атаудан тепсінеді немесе соған кеп маңдай тірейді...

***

Адамзаттың бір Атажұрттан тарағанын, адамзатта бір ғана Ататіл болғанын ақыры мойындаған әлем ғалымдары - үлкен ақиқат табалдырығына кеп тірелді. Ал енді, осы ізденулерінде олар Орталық Азия бедеріне тереңірек назар тоқтатып, түркі тілінің ежелгі бастауларына дендеп құлақ түре ме? Сөйткенде, әлемдік ізденіс жолының даңғылдары ашыла бастар ма еді?

Адамзаттың екінші атасы – Нұх пайғамбардың (ғ.с.) Қазықұртта тоқтап, ұрпағы өсіп-өнген жері - киелі Тұран екені, өркениеттер есейген сайын айқындалып келе жатқан ақиқат. Осы тұғырға табан тірей ізденсе, ұлы тарих сындарлы да, қисынды бір ізге түсе бастайды...

***

Каспий, Арал, Балқаш - Әлемдік мұхит немесе Ұлы Топансудан қалған көкшалқар жәдігерлер. Олардың түбінен табылып жатқан кейбір тарихи дүниеліктерге осы шындық тұғырынан қараған – көптеген сұрақтарға жауап тауып беруі мүмкін.

Ежелгі «Атлантидадан» артифакт дегендер молынан табылып, куәлікте «сайрап» жатқанда, ...

Заратуштра дананы еуроцентризмнің тас құшағынан босатып алып, Еділдің шығыс жағындағы далалыққа «ығыстыруға» батылы жеткен ұлыбритандық ориенталист Мэри Бойсқа зор рахмет айтқан жөн!

Енді асыл бабамызды **Арийлер пейіші – Тұран, Ворукаша теңізі – Арал, Арий дария – Шу** бойына өзіміз батыл және сенімді түрде орнықтыра білуіміз керек. Осы ізгілікті міндет бізді тым ұзақ күтіп тұр.

***

Неге солай демеске?!. Арийлер қаласы (астанасы емес болуы да мүмкін) Арқайым Қазақстан мен Ресей шегінде (Қостанай облыс маңы) табылды. Және ежелгі оңтүстіктегі үнді-арий, арий-иран өркениеттерін әлем алғаусыз мойындап қойған. Сонда, екі арада жатқан ұлан-ғайыр дала үстінен олар құс болып ұшып өтті ме?!

Жоқ, тас ғасырының ақыры мен қола дәуірінің басындағы ежелгі ұлы өркениет осы Тұран төсінде гүлдеген. Бәрінің бастауында **Тәңірілік ілім** тұрды... Осы ғажаптың анық болмысы әлі ашылған жоқ. Тарихтың үлкен «ақтаңдағы» осында жатыр. Осыған қадам жасасақ, 7 мың жылдық әлемдік тарих жаңаша сөйлей бастауы мүмкін.

Арийлер пейішін жырлаған Заратуштра бабамыздан қалған алқынды мұрада («Авеста», «Кіші Авеста») зейінді, ынталы көзге осы шындық таңбаланып тұр.

***

Ұлы ілімдер де шаршайды. Алтын бұзауға табынған Мұса үмбеті, грекия сұлбаларына бас ұрып кеткен Гаутама үмбеті, ақыр-соңында, сурет-әлпеттерге ден қойып, пайғам...

Пайғамбарлардың бәрі де мұсылман. Ал Заратуштра – біздің дала пайғамбары болатын.

***

«Великий Рустам из Систана...» («Шахнаме», орысша нұсқасы). Ол, шын мәнінде, Сақастаннан (Систан, Сеистан) шыққан сақ баласы Рүстем еді... «Оңтүстік дәлізбен» Иранға, Үнді жеріне арий өркениетін ала ұзаған протосақтар (арийлер), прототүркілер көшінен, сол жолда орнығып қалған Сақастан, Білішстан елінен еді ол...

Ендеше, Балх-Герат-Сабыл шаһарлары тізбегінің соңын ала, Үнді мұхиты жағасына орныққан Тұрбат мекені (сондағы Дешті суының бойы) және өзіміздің Тұрбат қыстағы (Шымкенттің маңы) арасында бір жанды тамыр жалғасып жатқан жоқ па?..

***

Ежелгі Шірік-Рабат қаласынан табылған інжу бізге біраз жайттан мағлұмат беруі мүмкін. Ол, анығында, ең жақын тұстағы теңіз – Үнді мұхиты, Араб теңізінен жеткен базарлық. Орталық Азиядан әлемдік мұхитқа шығар ең қысқа жол, сол, «Оңтүстік дәлізбен» түскен. Бұл дәліз ежелгі үнді-арий, үнді-еуропа өркениеттерінің Орталық Азиядан шығып, әлемге таралу сорабы болуы да бек мүмкін.

Ең ежелгі «Жібек жолының» нұсқасы да сол. Ол Ұлы Тұраннан оңтүстіктің жылы теңіздеріне түскен ең төте жол. Ол, бәлкім, кезінде **«Інжу-маржан жолы»** аталған болуы да мүмкін.

***

Ежелгі шумер және «Ғылғамыш» – Қорқыт баба – сібір түркілерінің «Ерлікханы» – «Алпамыс батыр» жырлары арасында үзілмеген жанды тамырлар бар. Соларды тірілтсек, 5 мың жылдық тағы бір тарих жаңаша сөйлей бастауы мүмкін.

***

Континенттер қарашаңырағы – даңғайыр Еуразияның кең-байтақ кеңістігіне көз салсаңыз, осы алып дүниенің батысы мен шығысын жалғап жатқан ең ұтырлы өткелектер біздің Алатау мен Алтай арасында ғана екенін көресіз. Төрт ашық арна – алып жолдар бар осы екі арада: Іле аңғары, Жоңғар қақпасы, Емел аңғары, Ертіс аңғары... Еуразия кеңістігінде осындай басқа сарнау жолдар жоқ.

Орталық Азиядан Үнді мұхитына шығатын бір ғана сорап Түрікменстанның оңтүстік шетінде, Теджен өзенінің аңғарында байқалады. Ол – оңтүстік дәліз...

Біздің Алатау-Алтай арасы – Еуразияның **Ұлы Қақпалар өлкесі (Елі)** ғой.

***

Біздің өлкелердегі «бәкене бойлы» мүжілген обалар – кереметтерімен дүниені тамсандырған Мысыр немесе Америка пирамидаларының көне бабалары секілді көрінеді кейде. Ал олардың барлығы да бір мақсат негізді – бәрі де ұлы әміршілердің бақилық мекен-жайлары. Марқұмдардың лауазымы биік болған сайын, ондай жайлардың да ұшарлары биіктей берген екен. Африкадағы, Америкадағы сол кездегі ілгерілеген талпынысты халықтар оларды культтік нысандар, ғарыштық философия деңгейіне шейін көтерді, модернизациялай алды...

Солай десек, дүниенің екі бөлігіндегі пирамидалардың осыдан 5 ғасыр бұрын испан ғұламасы Сигуэнция іздеп бастап, әлі күнге шешімін таптырмай келе жатқан туыстық құпиясы ашылады. **Ол тамырлар біздің Ұлы Далада жатыр.** (Дүниеде негізсіз, қисынсыз ешнәрсе жоқ.)

***

Америка үндістерін, әлемге маия, ацтек, инк мәдениеттерінің үлгілерін, Наска шөліндегі таңбаларды қалдырған жұрттарды «Америка сақтары» деп атайтын рет сұранып-ақ тұр. (Үстірт-Арал геоглифтері Наска таңбаларымен сондай үндес болып шықты...) Олардың атажұрты, түп отаны – кең-байтақ Еуразия даласы.

Олардың тілдерінде біздің ежелгі лексикамыз, олардың іс-әрекеттерінде біздің көне тірліктеріміздің айқын таңбалары сайрап жатыр.

***

Ғалымдар, ақыры, анық орнын таба алмай қойғанын мойындаған ежелгі Женд қаласы, шын мәнінде, Жанкент болуы мүмкін. Арал теңізінің бір замандарда «Женд айдыны» аталғанын ескерсек, бұл шаһардың орны сонау ежелгі теңіз жағалауынан алыс жатпауы керек еді. Ал «Жендтің» «Жанкент» атануы – **Женд-кент** (қала, кент – Шымкент, Ташкент аналогтары) деген ұғымдар тіркесінің грамматикалық динамикасынан шықса керек.

Аңыз болмысты ежелгі **Женд** қаласы **Жанкенттің** ұлтанында жатырау.

***

Қорқыт Жанкентте дүниеге келді. Ажалсыз пенде жоқ – мұны ұқпаса, Қорқыт – данышпан Қорқыт болмас еді. Өмірдің ақыр сәтінде кімкім де туған жердің бір уыс топырағын ойлай бастайды. Өмір мен өлімнің арасындағы рухани-фәлсафалық арпалыста абызды Сырдарияның бір иінінде ажал кеп шалды. Топырақ та сол тұстан бұйырды.

Дегдарлы пайым, тура салғанда 200 шақырымдай болатын Арал жағасына мәйітін арқалатып апарткысы келмеген де болар, кім білген?.. Әйтсе де, терең тілек түбі қабыл болды: араға 1200 жылдай салып, Қорқыттың жер тегіне тарап, топыраққа дарыған әзіз тәнін Сейхұн шайып, Аралына алып кетті. Солай Аралдың әр тамшы суына баба рухы дарыған еді десе де болады...

***

«Қорқыт бейіті құласа, ақырзаман болады» деген сөз бар еді жұртта. Көне бейіт құлады да, анық қиямет Қорқыт-абызды құшағына алған Арал теңізінің басына келді. Осында, ойланып қарағанға, терең астарлы мағына бар. Қиямет деген ұлы апатты Арал өз мойнымен көтеріп алды емес пе екен?.. Жаратушы да жақсы көргенін сынына алады деген осы ма?..

***

Ал енді, Мөңке би әйгілі Нострадамустан асып түспесе, кем соқпайтын көрегендіктер айтқан. Мөңке бабамызда, еуропалық бұлдыр тұспалдаудан гөрі, 330 жылдың арғы жағында жатқан бүгінгі күннің шындығын көзбен көріп, қолмен ұстағандай нақтылық, айқындық (демек, сондай көрегендік!) және философиялық ауқымдылық бар.

***

**Атажұрт, Қарашаңырақ** – киелі ұғымдар. Мына байтақ мекенде бүткіл әлем, адамзат алдындағы сондай қасиет қуаты жатқанын байқамау, енді, мүмкін емес. Сол киелерді ұстап қалған мұрагер халықта да зор қасиет бар. **Атажұрт, Ататіл иесі – зор мәртебе.** Әлі ашыла алмай жатқан біздің керемет рухани әлеует көзі осында.

Бұл – әлемде сәнге айналған түрлі «центризмдер» шалығының салқыны емес. «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр деген...» Мақтаншақтық – қасірет, барыңмен мақтана білу – қасиет. Желбуаз көңіл емес, ақиқатымызға тәу етіп, анықка табан тірей сөйлеу қажеттігі бар бүгін...

***

Планетамыздың ғажап көркем көгілдір алқасы бар. Ол Еуразия кеңістігін көктей – Жерорта, Қара-Азау, Каспий, Арал теңіздері, Балқаш көлі боп тізіліп жатқан көк айдындар тізбегі. **Жердің «Көгілдір алқасы»** деп атаса жөн оны. Миллиондаған тіршіліктің өмір кепілі, игілікті отаны. Дана Табиғаттың сондай ұйғарымы!

Осы «алқаның» ең сынды, ең жауапты тұсында, өмір сүру мүмкіндігінің ең шетін жағдайында, ұлы континенттің қатал сынымен арпалысып Арал жатушы еді. Ең сынды тұстағы өмір алқасының сол көгілдір «моншағы» кенет үзіліп түсті. Оның арты қалай болар екен?..

***

Бұл орайда елімізде жолға қойылып жатқан «Жасыл экономика» сияқты ізгі мұратты талап бағытының терең мәні түсініктірек бола бастайды.

Бізге бір түп жусанды да орынсыз аяққа баспайтын парасатты тірліктер керек.

«Ештен кеш жақсы» деген...

Жаратқан барымызға береке берсін!

Баракатты байтағым!..

*ЖОБА*

# Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Қазалы қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қызылорда облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Қазалы қаласының шекарасының (шегі) жалпы алаңы 1020,0 гектар болып өзгертілсін.
7.00, 07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 20.30, Жаңалықтар 08.00. 12.30 Казнет 08.25 Т.с. 09.00, 10.10, 16.50 Мың рет сүйдім 10.20 М.ф. 10.30, 18.00 Жүрек жарған 11.30, 19.00. Қыз ғұмыры 13.10 Кеш емес 14.00 Новости 14.10 Исаев 16.00 Элина 21.00 Исаев 23.15 Разбивающая сердца 00.00 Сырласу. 01.50. Ән шашу.

## СӘРСЕНБІ 30 қазан

**Қазақстан-Қызылорда**

7.40 Жаңалықтар 08.30 М/с 09.00 Балапан 09.55 Мұражай 10.20 Дүниені дүр сілкіндірген күндер 10.45 Бала күтуші 11.40 Таңшолпан 12.00 Усадьба 13.10 Салық және халық 13.30 Жаңалықтар 14.10 Жаңа күн 18.00 Жаңалықтар 19.00 Усадьба 20.00 Ақиқат алаңы 20.50 Арнайы репортаж 21.00 «Қазақстан-2050. Дамудың даңғыл жолы» 21.15 Өмір-өлең 21.30 Жаңалықтар 22.25 Аспан аруы 23.30-00.50 Х/ф «Вопреки здравому смыслу».

**ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Таңшолпан 8.00, 9.30, 12.30, 17.30, 20.30, 23.55 Жаңалықтар 09.45, 21.50 Олимп шыңы 10.40, 21.05. Айтуға оңай 11.25, 15.55 Тәуіп Хо Жун 12.45, 03.20 Жаңа Қазақстан. 13.05. EXPO жолы. 13.25 Заң және біз 14.00, 19.30. Алғашқы махаббат 14.55 Әйел бақыты 17.00, 03.40. Рух діңгегі 17.50, 03.05. Өзекжарды 18.10 Үй болу қиын 18.55 М.ф. 19.05 Қылмыс пен жаза 22.40 Келін. 23.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен 00.30 Қолды болған миллион 02.05 Сыр-сұхбат.

**ХАБАР**

9.00 Жаңалықтар 09.10. Арнайы хабар 9.35 Д.ф. 10.00, 11.00, 13.00, 14.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.45, Жаңалықтар 10.10, 19.10 Біз 11.10, 22.10 След 11.50, 21.30 Мужская история 12.30 Көзқарас 13.10 Сәби жүрек 14.05 Білгенге маржан 14.45 Музыкальные путешествия 15.10 Танго с ангелом 16.00. Телефон доверия. 16.50. Подари детям жизнь... 17.15, 18.15 Сүлеймен сұлтан 20.30 Жаңа қоғам 23.00 Көзкөрген 00.15, 01.00 Журналдар.

**ЕЛ АРНА**

8.30, 19.30 Ән арна 9.25. Дәрігер Ахметова. Т.с. 10.50. М.ф. 11.05. М.ф. 11.40. Үпит-сүпит. К.ф. 12.50, 22.10. Ұзақ жол 13.30, 18.00, 00.30. Жарайсың 14.00. Дон И. 15.10. Д.ф. 15.30. Что наша жизнь... 16.10. Әселдің құрбы-құрдастары 16.40. Әсем әуен 16.55. Футбол 20.20 Пятый угол 21.00 Кәнизак 22.45 «Легко не сдаваться» Х.ф.

**КТК**

8.15 Айкуне 08.30, 20.30 Жаңалықтар 9.00, 12.40, 23.45 Рейдер 9.10. Ярость. 11.00. Семейные драмы 12.00, 21.00 Новости 13.00 Шаповалов 14.50. Қайран заман! 16.00, 02.25. Махаббат мұңы 16.45 Х-Фактор. 17.10. Сивый мерин. 18.10. Давай поженимся! 19.15. Бесценное время 21.45 Бежать 00.00 Лорд. Пес-полицейский 01.40. Тайные знаки 04.05. Япыр-ай!

**ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы**

10.00 Новости 10.05 Сапа бақылауда 10.35 Жаңалықтар 11.05 Домработница 12.10 Женский доктор 13.00 Модный приговор 14.05 ППС 15.00, 18.30. Новости 15.30 Судебные истории 16.25 Зверобой 17.20 Давай поженимся 19.00 Вероника 20.00 Братство десанта 21.00 Новости 21.35 Пусть говорят 23.00 Высоцкий 01.00. Караоке такси 02.00 Контрольная закупка 02.25 Маруся 03.10 Понять. Простить 03.40 Служили два товарища.

**АСТАНА**

7.00, 14.00, 20.30 Новости. 07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 00.20 Жаңалықтар 8.00. Казнет 8.25 Домашние войны 9.00, 10.10, 16.50 Мың рет сүйдім. 10.20 М.ф. 10.30, 18.00. Жүрек жарған 11.30, 19.00 Қыз ғұмыры 12.20 Мы вместе 12.40 Казнет 13.10 Сырласу 14.10 Исаев 16.00. Элина 21.00 Исаев 23.15 Разбивающая сердца 01.20 Ән шашу.

## БЕЙСЕНБІ 31 қазан

**Қазақстан-Қызылорда**

7.40 Жаңалықтар 08.30 М/с 09.00 Балапан 09.55 Мұражай 10.20 Дүниені дүр сілкіндірген күндер 10.45 Бала күтуші 11.40 Жыр-керуен 12.00 Усадьба 13.00 Біздің ауыл 13.30 Жаңалықтар 14.10 Жаңа күн 18.00 Жаңалықтар 19.00 Усадьба 20.00 Туған жертүнған шежіре 20.30 Еңбек түбі – береке 20.50 Салық және халық 21.00 «17» жастар бағдарламасы 21.30 Жаңалықтар 22.25 Аспан аруы 23.05 Ашық күнде адасқандар 23.30 00.50 Х/ф «Влюбленная рыбка».

**ҚАЗАҚСТАН**

7.00. Таңшолпан 8.00, 9.30. 12.30, 17.30, 20.30, 23.55. Жаңалықтар 9.45, 21.50 Олимп шыңы 10.40. Айтуға оңай... 11.25, 15.55. Тәуіп Хо Жун. 12.45. Агробизнес. 13.10. Біз қазақша сөйлейміз. 13.55, 19.30. «Алғашқы махаббат» 14.55. «Әйел бақыты» 17.00, 03.55. Мың түрлі мамандық 17.50, 02.15. Қылмыс пен жаза. 18.10, 03.05. «Үй болу қиын...» 19.00. Шетелдегі қазақ балалары 21.05. Айтуға оңай. 22.40. Келін 23.25, 02.35. Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен 00.30. Шарпейдің таңғажайып кешірмелері.

**ХАБАР**

9.00, 11.00 Жаңалықтар 09.10 Жаңа қоғам 9.20. Дела армейские 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.30 Жаңалықтар 10.10 Біз 11.10 След 11.50, 21.30 Мужская история 12.30 Көзқарас 13.10 Сәби жүрек 14.05 Білгенге маржан 14.45 Музыкальные путешествия 15.10 Танго с ангелом 16.00 Д.ф. 16.50 Подари детям жизнь 17.15, 18.15 Сүлеймен сұлтан 19.10 Біз 20.30 Арнайы хабар 22.10 След 23.00 Саентология сойқаны 00.00, 01.00 Журналдар.

**ЕЛ АРНА**

8.30, 18.00. Ән арна. 9.25. «Дәрігер Ахметова». 10.50, 15.50. М.ф. 11.05. Д.с. 11.40. Үпит-сүпит. 12.50, 22.10. «Ұзақ жол» 13.30, 18.00, 00.30. Жарайсың 14.00. Дон И 15.10. Д.с. 15.30. Сенім. Білім. KZ. 16.00. Т.с. Әселдің құрбы-құрдастары 16.40. Д.ф. 17.10. Закрытая школа. 19.30. Махаббатқа 10 қадам 20.20. Побочный эффект 20.30 Туған өлке. 21.00 Кәнизак. 22.45. Проклятие золотого цветка.

**КТК**

8.15. Айкуне. 08.30, 20.30, 02.50. Жаңалықтар. 9.00, 12.40, 23.40. Рейдер 9.10. Ярость. 11.00. Семейные драмы 12.00, 21.00. Новости 13.00. «Лор. Пес-полицейский» 15.00. Қайран, заман! 16.00, 02.25. Махаббат мұңы 16.55. Х-Фактор. 17.10. Сивый мерин. 18.10. Давай поженимся! 19.15. Бесценное время 21.45. «Бежать». 23.55 Лорд. Пес-полицейский 01.40. Тайные знаки. 04.05. Япыр-ай!

**ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы**

7.00 Доброе утро 10.00 Новости 10.05 Сапа бақылауда 11.05 Домработница 12.10 Женский доктор 13.00. Модный приговор 14.05 ППС 15.00, 18.30 Новости 15.30 Судебные истории 16.25 Зверобой 17.25 Давай поженимся 19.00 Вероника 20.00. Братство десанта 21.00 «Новости в 21.00». 21.35 Пусть говорят 23.00 Высоцкий 01.00 Караоке такси 01.30 Жаңалықтар 02.00 Контрольная закупка.

**АСТАНА**

7.00, 20.30, 01.20. Новости 07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 00.50 Жаңалықтар 8.00 Казнет 8.25. Домашние войны. 9.00, 10.10, 16.50. Мың рет сүйдім. 10.20 М.ф. 10.30, 18.00. Жүрек жарған. 11.30, 19.00. Қыз ғұмыры. 12.30. Мейрамбек Беспаев 13.10 Ел аузында 13.40. Лица столицы 14.00. Новости. 14.10. «Исаев». 16.00 Элина 21.00. Исаев 23.15 Разбивающая сердца. 00.00. Status Quo.

## ЖҰМА 1 қараша

**Қазақстан-Қызылорда**

7.40 Жаңалықтар 08.30 М/с 09.00 Балапан 09.55 Мұражай 10.20 Дүниені дүр сілкіндірген күндер 10.45 Бала күтуші 11.40 Сыр жұлдыздары 12.00 Усадьба 12.50 Сыр сүлейін сұрасаң 13.30 Жаңалықтар 14.10 Жаңа күн 18.00 Жаңалықтар 19.00 Усадьба 20.00 Дін мен діл 20.50 Сөз-анық 21.30 Жаңалықтар 22.25 Аспан аруы 23.05 Х/ф «Между первой и второй».

**ҚАЗАҚСТАН**

8.00. Таңшолпан. 09.30, 12.30, 17.30, 20.30, 23.45 Жаңалықтар 09.45 «Олимп шыңы» 10.40 Айтуға оңай... 11.25, 15.55 Тәуіп Хо Жун 12.45 Менің Қазақстаным 13.20, 04.05 Жарқын бейне 13.50, 19.30 Алғашқы махаббат 14.55 Әйел бақыты 17.00, 03.40. Жан жылуы 17.25 Еңбек түбі – береке 17.50, 03.00 Өзекжарды 18.10 Жаңа Қазақстан 18.40, 02.40 Парламент 19.05, 03.15 Иман айнасы 21.05. Айтуға оңай 21.50 Ұлттық шоу 22.55 Келін 00.15 Жайдарман 00.40 Әулие 04.30 Ғасырлар пернесі.

**ХАБАР**

9.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00 Жаңалықтар 09.10 Арнайы хабар. 09.35 Табиғи микроәлемдер 10.00 Утренний выпуск новостей 10.15, 19.10 Біз 11.50, 21.30 Мужская история 12.30 Көзқарас 13.10 Сәби жүрек 14.05 Білгенге маржан 14.45 Музыкальные путешествия 15.10 Танго с ангелом 16.00 Телефон доверия 16.50 Подари детям жизнь 17.15, 18.15 Сүлеймен сұлтан 20.00, 23.50 Қорытынды жаңалықтар 20.30 Вектор развития 21.00, 00.30 Итоговый выпуск новостей 22.10 Орталық хабар 23.00 След 00.20, 01.00 Журналдар.

**ЕЛ АРНА**

9.25 Дәрігер Ахметова 10.50. М.ф. 11.05 Соңғы сапар 12.50, 22.10 Заң жол 13.30, 19.00, 00.45 Жарайсың 14.00. Дон И. 15.10. Д.ф. Молоко, сметана, творог 16.10 Әселдің құрбы-құрдастары 16.40 М.с. Бакуган 17.10 Закрытая школа 19.30 Фобия 20.20 Бәрі есімде 21.00 Кәнизак 22.45 Залог семейного счастья.

**КТК**

8.15 Айкуне 08.30, 20.30, 02.45 Жаңалықтар 09.00, 12.40, 23.20 Рейдер 09.10 Ярость 11.00 Семейные драмы 12.00 Новости 13.00 Лорд. Пес - полицейский 15.00 Қайран заман! Жалғасы 16.10. Махаббат мұңы 16.45 Х-Фактор 17.00 Д/ф. Путь на Олимп. 17.30 Музыкальная премия ЕМА 19.15 Бесценное время. Продолжение 21.00 Вечерние новости 21.45 Наша правда 22.45 Диагноз 23.40 Смотреть всем! 00.40 Глаз. 02.25 Махаббат мұңы 03.10 Япыр-ай.

**ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы**

7.00 Доброе утро 10.00 Новости 10.05 Сапа бақылауда 10.35, 02.00 Жаңалықтар 11.00 Жұма уағызы 11.15 Доченька моя 13.05 Модный приговор 14.10 ППС 15.00 Новости днем 15.30 Жара 17.25 Жди меня 18.30, 21.00 Новости 19.00 Вероника. 20.00 Братство десанта 21.35 Поле чудес 23.00 Ностальгия по будущему 01.00 Человек и закон 02.30 Маруся 03.15 Большая перемена 05.30 Контрольная закупка.

**АСТАНА**

7.00, 20.30 Новости 07.30, 10.00, 13.00, 20.00 Жаңалықтар 08.00, 22.50 Казнет 08.25 Т.с. Домашние войны 09.00, 10.10, 16.50 Мың рет сүйдім 10.20 М.ф. 10.30, 18.00 Жүрек жарған 11.30, 19.00 Қыз ғұмыры 12.20 Мы вместе 13.10 Статус 14.10, 21.00 Исаев 16.00 Элина 23.15 Разбивающая сердца 00.00 Внимание: ЧП! 01.20 Ән шашу.

*Бағдарламада өзгерістер болуы мүмкін*

# Электрондық мемлекеттік мүлік тізілімі

«Қазақстан-2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында ерекше назарды мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыруға аудару қажеттігі айтылған. «Міндет – мемлекеттік аппараттың халықпен өзара қарым-қатынастарында біржақты-өктем көзқарастардан арылып, азаматтарға мемлекеттік қызметтерді тиімді және жедел түрде көрсетуге көшу» деп атап өтті.

Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік жөніндегі деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы №246 қаулысына сәйкес **«Ақпараттық-есептеу орталығы»** акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АЕО) мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) ұстаушы және мемлекетке тиесілі немесе оларға қатысты мемлекеттің мүліктік құқықтары бар бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысы болып белгіленді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі №802 қаулысына сәйкес, жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында бірыңғай оператор болып анықталды, ол «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 200-бабының 9-тармағына сәйкес:

1) мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу үшін қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуді, енгізуді және жаңғыртуды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізудің техникалық және бағдарламалық құралдарының үздіксіз қызмет жасауын қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталын жасауды, қызмет жасауын және техникалық сүйемелдеуін қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолданумен мемлекеттік мүлік тізілімін пайдаланушыларға электрондық қызметтер көрсетеді;

5) мемлекеттік мүлік тізілімінің деректеріне мемлекеттік мүлік тізілімін пайдаланушыларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

6) мемлекеттік органдарға мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында консультациялық және практикалық қызмет көрсетеді;

7) мемлекеттік мүлікті есепке алуды жүзеге асыру кезінде техникалық жобаларды басқару функцияларын жүзеге асырады;

8) есепке алу объектілері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді;

9) мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды немесе оларға қатысты мемлекеттің мүлікті құқықтары бар номиналды ұстаудың функцияларын жүзеге асырады.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталында мемлекет қатысуы бар заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу ережелеріне сәйкес ұсынылатын олардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпаратты:

- республикалық меншік объектілері бойынша экономика секторында мемлекеттік активтерді басқару саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға уәкілетті мемлекеттік мүлікті және мемлекеттік органды басқару бойынша уәкілетті органның қызметкерлері;

- облыстық коммуналдық меншік объектілері бойынша облыстық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органның қызметкерлері;

- аудандық коммуналдық меншік объектілері бойынша аудандық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органның қызметкерлері;

- өзге де мемлекеттік органның қызметкерлеріне олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары бойынша қарау үшін тағайындалған.

Мемлекеттік меншік объектілерін сауда-саттыққа қою Кестесіне қосылған мемлекеттік мүлік туралы ақпаратты, соның ішінде мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша Есептерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген жекешелендіру объектілерін сату Қағидасына сәйкес, басылымдық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын мемлекеттік мүлікті жекешелендіру бойынша күтілетін сауда-саттық туралы ақпараттық хабарламаларды қарау үшін тағайындалған.

Қазіргі танда электрондық сауда-саттық он-лайн режимінде өткізілу қарастырылуда. Жалпы сауда-саттықтың электрондық түрі республикалық және коммуналдық мүлікке жатқызылатын жекешелендіру объектілерін сату аукциондарын өткізуге мүмкіндік береді. Оған кез келген мекенжайда орналасқан ниет білдіруші қатыса алады. Бұл өз кезегінде сауда-саттықтың толық көлемде өтуіне және процесті жылдамдатуына ықпал етеді. Атап айтқанда, интернет желісінің кез келген пайдаланушысы, тіпті шет елдегі интернет пайдаланушылары да аукцион залдарына бармастан электрондық өтінім бере алады.

Электрондық сауда-саттыққа ыңғайлы болу үшін www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталындағы «Жекешелендіру объектілерін сату бойынша электрондық аукцион» бөлімінде адымдап танысуға болатын нұсқаулық өнделген.

Ықтимал қатысушыларға Ұлттық куәландырушы орталықтардан берілетін электрондық цифрлық қолтаңбаларды Халыққа қызмет көрсету орталығынан алдын ала алуға болады.

Ағымдағы 2013 жылдың 10 наурыздан бастап ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 11 сәуірдегі №442 қаулысымен бекітілген мемлекеттік мүлік Тізілімін жүргізу Қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) және ҚР Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы №636 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізу пішімін, сондай-ақ бірдей мерзімдерде мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесі (бұдан әрі-Бірыңғай әдістеме) күшіне енді.

Осы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мүлікпен жасалған барлық мәмілелер (теңгерімге қою, есептен шығару, қайта бағалау, т.б) мемлекеттік тізілімде (бұдан әрі –Тізілім) тіркелуі қажет.

Тізілімде мемлекеттік заңды тұлғалар үшін «Жеке кабинет» жүзеге асырылған.

«Жеке кабинет» функциясына қол жеткізу үшін заңды тұлғаларға берілген электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып кіре алады.

Осы электрондық қолтаңбаны қолдана отырып, пайдаланушы ретінде өздігінен тіркеу жүргізіп, «Мүлікпен мәмілелер жасау» функционалдық бөлімімен жұмыс жасауға қол жеткізеді.

Жоғарыда аталған Қағиданың 18-21 тармақтарына сәйкес, ұйымдар мемлекеттік заңды тұлғаның бухгалтерлік есебі жүйесінде мәліметтер өзгерісі күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізілімде мүлікпен мәмілелер жасау нәтижесін көрсетеді.

Ұйымдармен мәмілелер жасау электрондық бұйрықтарды Тізілімге енгізу (тіркеу) арқылы жүзеге асырылады.

Тізілімде тіркелген бұйрық үш жұмыс күні ішінде орындаушымен тексеріледі және орындалады (немесе бас тарту себебін көрсете отырып, орындаудан бас тартады).

Қағиданың 4-тармақ, 4) тармақшасына сәйкес, орындаушы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (республикалық меншік бойынша) немесе облыстық (аудандық) уәкілетті органның (коммуналдық меншік бойынша) қызметкері Тізілімдегі бұйрықтың орындалуын жүзеге асырады.

Қаржы басқарма (бөлімдер) қызметкерлеріне «Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізілімі» электрондық ақпараттық ресурс арқылы облыстық (аудандық) коммуналдық ұйымдармен, мүлікпен мәмілелер жасау бойынша тіркелген бұйрықтарды орындауы қажет (функция: «Операциялар» -«Бұйрықтар журналы»-«Бұйрықтарды іздеу»; «Бұйрық статусы» -«Сақталды»).

«Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамының Қызылорда бөлімшесінің бастығы Өмірсеріков Мейрамали басқарған бөлімшенің алдағы уақыттағы мақсаты Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мен Қызылорда облыстық қаржы басқармасы және аталған басқарманың қалалық және аудандық бөлімдерімен бірлесе отырып, Мемлекеттік тізілім бағдарламаларына сәйкес енгізілген әрбір жаңалықтарын тәжірибеге енгізіп, күнделікті жұмыс барысында қолдануда және бағдарламаларды одан әрі жетілдіруде бірлесіп жұмыс жасай беретін болады.

**«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы № 102 қаулысымен бекітілген «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізу» Ережесіне сәйкес төмендегі жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бойынша конкурс өткізіледі.

| № | Су айдындарының атауы | Ауданы (га) | Орналасқан жері (а/о - ауылдық округі) |
|---|---|---|---|
| **Арал ауданы** | | | |
| 1 | Жарыққөл | 180 | Аманөткел а/о |
| 2 | Қаязды-Бидайкөл | 250 | Аманөткел а/о |
| 3 | Алаша | 300 | Райым а/о, Қызылжар елді мекені |
| 4 | Домалақ | 154 | Бөген а/о, Қарашалаң елді мекені |
| 5 | Қарашалаң | 800 | Қарашалаң елді мекені |
| **Қазалы ауданы** | | | |
| 1 | Жайлаукөл | 100 | Қызылқұм а/о, Кәукей елді мекені |
| 2 | Қаракөл | 650 | Қызылқұм а/о, Кәукей елді мекені |
| 3 | Құмкөл | 280 | Әйтеке би кенті |
| 4 | Ащыкөл | 100 | Арықбалық а/о, Жанқожа батыр елді мекені |
| 5 | Төртқұлақ | 50 | Әйтеке би кенті |
| **Қармақшы ауданы** | | | |
| 1 | Шүленкөл | 30 | Ақжар а/о |
| 2 | Жетікөл | 35 | Қуандария а/о |
| 3 | Қызылкөл | 20 | Қармақшы а/о |
| 4 | Қаракөл 2 | 10 | Қармақшы а/о |
| 5 | Қаракөл 1 | 40 | Қармақшы а/о |
| 6 | Кетебай-Масақ | 15 | Қармақшы а/о |
| 7 | Қаракөл | 100 | Көмекбаев а/о |
| **Жалағаш ауданы** | | | |
| 1 | Құртшеңгел | 15 | Аққыр а/о |
| 2 | Кіндіккөл | 10 | Қаракеткен а/о |
| 3 | Мақпалкөл | 10 | Жа?аталап а/о |
| 4 | Серкеш | 25 | Ақсу а/о |
| 5 | Бесмола | 20 | Жаңаталап а/о, Мақпал елді мекені |
| 6 | Құмшөнкөл | 25 | Аққолқа а/о |
| 7 | Қарасу | 10 | Таң а/о |
| 8 | Жаңабай | 10 | Ақарық а/о |
| **Сырдария ауданы** | | | |
| 1 | Қарамола (Балжансай) | 20 | Қоғалыкөл а/о |
| 2 | Иіркөл-Құмкөл №3 | 30 | Шаған а/о |
| 3 | Пәттек | 25 | Қоғалыкөл а/о |
| 4 | Мақпалкөл Қожан-Қожа | 40 | Айдарлы а/о |
| 5 | Иіркөл | 50 | Н.Ильясов а/о |
| 6 | Құмкөл | 20 | Ширкейлі а/о |
| 7 | Ызакөл | 25 | Інкәрдария а/о |
| 8 | Қалғандария | 20 | Тереңөзек кенті |
| 9 | Көнекбай | 15 | Бесарық а/о |
| **Қызылорда қаласы және Телікөл көлдер жүйесі** | | | |
| 1 | Жаманкөл №2 уч. | 75 | Айнакөл а/о |
| 2 | Иіркөл ПМК29 | 20 | Қызылорда қаласы |
| 3 | Талдыкөл | 150 | Қаракөл а/о |
| **Шиелі ауданы** | | | |
| 1 | Қараой | 20 | Жөлек а/о |
| 2 | Көктікөл | 50 | Тартоғай а/о |
| 3 | Астаукөл | 40 | Сұлутөбе а/о |
| 4 | Сәменкөл | 50 | Сұлутөбе а/о |
| 5 | Арғын ызасы | 15 | Ақтай а/о |
| 6 | Ахмет көл | 5 | Балаби а/о |
| 7 | Қамыстықақ | 30 | Шиелі а/о |
| 8 | Қырыққұмалақ | 50 | Гигант а/о |
| 9 | Ызакөл | 30 | Ақмая а/о |
| 10 | Қасқакөл | 10 | Қызылқайын а/о |
| 11 | Нәнсай | 60 | Тартоғай а/о |
| 12 | Итатқан | 50 | Тартоғай а/о |
| **Жаңақорған ауданы** | | | |
| 1 | Сауса | 15 | Түгіскен а/о |
| 2 | Алакөл | 20 | Жайылма а/о |
| 3 | Қалғандария-3 | 70 | Төменарық а/о |

Конкурсқа қатысуға тілек білдірген жеке және заңды тұлғалар Конкурсқа қатысуға арналған конкурстық құжаттаманы алу үшін Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясына жүгінеді, осы Ереженің талаптарына сәйкес әрбір мәлімделетін балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне жеке өтінім дайындайды және оны Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясына:

1) қатысушының толық атауы және мекенжайы (егер ол кешіккен болып жарияланса, конкурстық өтінімді ашылмаған күйде қайтару мақсатында);

2) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы № 17 үй;

3) «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс» деген сөздер көрсетілген мөр басылған конвертте ұсынады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізу ережесін және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы №102 қаулысымен реттеледі.

Конкурстық өтінімдер берудің түпкілікті мерзімі 2013 жылғы 14 қараша сағат 18.00-ге дейін. Қызылорда қаласы, Абай даңғылы № 17, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, анықтама телефондары: 8 (7242) 23-06-16, 30-78-03.

Конкурс өткізілетін орны мен уақыты: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №48 үй «Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының» ғимараты, 3-қабат, мәжіліс залы, 2013 жылғы 15 қараша, сағат 10.00-де.

## АЗАМАТТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 07 қазан 2013 жылғы ұйғарымымен «Қалжан Ахун» ШҚ-ын банкрот деп тану жөнінде азаматтық іс қозғалды. Талап-тілектер Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үйде қабылданады.

# ӨМІРІ ТҰНҒАН ӨНЕГЕ

Өткен тарихымызды зерделесек, мың өліп, мың тірілген қазақ ұлтының көрмеген қиыншылығы жоқ. Талай зұлматты басынан өткерсе де, осы кезеңге аман жеттік, тәубе... Бұл сын сәтте елдің жоғын жоқтап, намысын жыртатын, азаматтардың арқасы. Сондай азаматтың бірі Таубаев Жанұзақ ағамыз еді.

Таубаев Жанұзақ Жалағаш ауданының «Иіркөл» елді мекенінде (қазіргі М.Шәменов ауылы) 1906 жылы дүниеге келген. Тумысынан зерек бала 6 жасынан бастап Сыр еліне белгілі Бәку қожадан 6 жыл терең діни білім алыпты. Кеңес заманы басталған кезінде кеңес мектебінде жаңаша оқыған. 1931-1933 жылдары Жалағаш ауданына қарасты Елтай елді мекенінде мұғалім болады. 1933-1934 жылдары облыс орталығындағы кеңес-партия мектебін бітірген. 1935 жылы Шымкент облысындағы Қызылқұм аупарткомында бөлім бастығы болса, 1936-1937 жылдары Қызылордадағы педагогикалық училищеде оқып, 1938 жылы қаладағы «1 Май» орта мектебінде ұстаздық еткен. 1941 жылы өзінің ауылы Иіркөл колхозына оралып, ауыл балаларын оқыту үшін ауыл халқын жұмылдырып асарлатып мектеп салдырғанын үлкендер айтып отыратын еді. Бұл мектеп халық арасында «Ақшкол» деген атпен қалды. Бұл мектепке көршілес 5-6 шақырым жердегі «Белсенді», «Жігер» ауылдарынан көптеген балалар қатынап оқитын. Осында біздерге сабақ берген білікті ұстаздар Жанұзақ Таубаев, Бибінұр Бөлегенова, Әбілхан Ералиев, Орныққан Қазиев, Қауыш Қазыбеков, Сара Оралова, Жолдыбай Күзембаев, Жұмакүл Ералиева сияқты ұстаздарымызды қалай ұмытайық?

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың профессоры, белгілі ғалым Бақытбек Сисенов, өз саласының білгір маманы Сұлтан Пірмағамбетов, инженер-гидротехниктер Толыбек Оспанов, Жаңаберген Ембергеновтер, бірталай ұжымшарларға басшылық жасаған Жақсыбек Пірмағамбетов, Қуаныш Ниетқұлов, Жанат Мүсілімов, Сағынәлі Құланбаевтар, көп жыл аудандық газет редакторы болған Тұрсынбай Тәшенов және осы жолдардың авторы сол «Ақшколдан» түлеп ұшқан азаматтармыз.

Жанұзақ аға ауылдағы өзі салдырған «Ақшкол» мектебіне жеті жыл басшылық етті. 1948-1956 жылдары ауданға қарасты басқа үлкен елді мекендердегі мектептерде басшылық қызметте болды. 1956-1957 жылдары аудандағы майда шаруашылықтардан біріккен «Коммунизм» колхозында партком хатшысы, ауылдағы кітапханада меңгеруші болып қызмет атқарды. Кітапхана сол кезеңде ауылдағы бірден-бір мәдени ошақ саналатын.

Жанұзақ аға ескіше және жаңаша білімі бар үлкен оқымыстылығымен қатар, асқан шабандоз, тақымы мықты көкпаршы болатын. Жалпы қазақ пен қырғызда ғана бар осы ұлттық ойынның жүректілік, батылдық, намысшылдық деген асыл қасиеттердің адам бойына пайда болуына әсері мол екендігі ақиқат. Бұл орайда туысқан інісі Жаңабергеннің Жанұзақ ағасының көрші ауылдағы тойдан көкпар алып келгендігі жайлы балалық көзбен көргендері төмендегідей.

– Ұмытпасам, 1946 жылдың тамыз айы болуы керек, 11-12 жастамын. Әбден кемеліне келіп, иірімденіп ағып жатқан Сырдарияның ауыл тұсы жазғы жайлауымыз болатын. Шілденің ми қайнатар ыстығын басу үшін ауылдың топ баласы дарияның ауыл тұсындағы жазық жағалауында суға шомылып, дария қайырында ойнап жатқанбыз. Ол кездерде өзен суының ені 100 метрден кем болмайтын, ал судың терендігі сол су кемелері еркін жүзе беретін. Топ бала су ішінде жүргенімізде дарияның арғы бетінен бір салт атты қатты екпінмен келіп өзенге қойып кетті. Судың ағысымен ығып жүзген ат жалынан ұстап түрегеп тұрған Жанұзақ аға екендігін таныдық. Судан шыға өзен жағасын қуалай суда ыққан аттылығының бағытына қарай жүгірдік. Алдымызда егістікке баратын су жолының сағасын қазып жатқан ауыл адамдары су ішінде ығып келе жатқан ағаны құтқаруға кірісті. Биіктігі 3-4 метр шамасы болатын жарды жабылып құлатып, бір шақырымдай ығып әрі жүзіп келе жатқан Жанұзаққа арқан тастап ат-матымен жағаға шығарып алды. Асылы, жылқы киелі мал екені рас қой, жағадағы топ адамдарды көрген соң дарияның қатты ағысымен ыға бермей жағалаудағы топ адамдарға қарай жүзе берді. Бұл көріністі көріп тұрған ауыл адамдары Жанұзақтың амандығын тілеп Аллаға сыйынып жатты. Тәуірбай әкеміз болдырған атқа киіз жауып мінді де желе жортып шауып кетті. Оның себебін кейін білсек, атты терлетіп ажалдан алып қалу екен.



Осы оқиғаның басы-қасында болған бүгінде көзі тірі абыз ақсақал Тоқсейіт аға да Жәкеңнің жанкештілігін жиі айтады.

... Ұмтыл ауылындағы көкпарға Иіркөлден барғандар серкені тақымға басып, паромға жетеді. Сонда өз ауылының намысын жыртып, бұларды өткізбей қойған паромшыға ерегісіп Жанұзақ аға көк байталымен дарияға қойып кетеді ғой.

Бұл оқиға бүгіндері атадан балаға аңыз ретінде айтылып келе жатыр. Жанұзақ ағаның көкпар тартудағы мұндай ерліктері өте көп. Бірақ бұл оқиғалар уақытында қағазға түспеген. Оқиғаны көзбен көргендер бүгіндері жоқтың қасы деуге болады. Жанұзақ ағаның бұл ерлігінің маңызын бүгінгі күні спорттағы ел намысын қорғап жүрген Олимпиада чемпиондарының жасаған ерліктерінен кем емес деп санауға болады. Өз басым тіпті артық көрер едім. Жәкең намыс жолында жанын да құрбан етуге даяр болып тұр ғой.

1970-1980 жылдары елімізде діни сауаты жоғары ескіше оқыған молдалар қатары азайып, дүмше молдалардың көбейгені рас. Бұл кеңестік жүйе саясатының салдары болатын. Халықтың діни ұстанымы, ұлттық мәдени дәстүрі ұмытыла бастады. Осы кезеңде Жанұзақ аға өзі коммунист бола тұра, үкімет пен партияның саясатынан қорықпай, Жалағаш кентінің бас молдасы болып халыққа сауапты жұмыс атқарды.

«Ерен еңбегі үшін», «Еңбек үздігі» медальдарын омырауға тағып, жергілікті биліктің де құрметін көрген Жанұзақ ағаның мәңгі өшпейтін марапаты бар. Ол – елдің құрметі.

Жанын жаннат төрінде болғай, асыл аға...

**Тобаш ЕМБЕРГЕНҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

## «Шенеунік және кәсіпкер» акциясы өтеді

Еліміздің Президенті кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау мәселесіне айрықша мән бере отырып, мемлекет масштабында негізгі бағыттарын айқындағаны белгілі.

Бұл тұста, прокуратура органдарымен кәсіпкерлікті қорғау мен қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыруға кең көлемді іс-шаралар тұрақты түрде атқарылып келеді.

Осы орайда, облыстық прокуратура ағымдағы жылдың 21 қазан мен 5 қараша аралығында «Шенеунік және кәсіпкер» атты акциясын өткізеді.

Акцияның аясында прокуратура органдарымен күнделікті кәсіпкерлерді жеке қабылдау жүргізіліп, өтініштері қаралатын болса, кәсіпкерлікті қолдау мен қорғауға байланысты тексерулер жүргізу, кәсіпкерлікке немесе олардың қызметіне қатысты қолданыстағы заңнамалар зерделеумен тиісті шаралар қолдану, тағы басқа да шаралар жүзеге асырылуы көзделуде.

Осыған байланысты, оңтайлы топтың сенім телефондарын кәсіпкерлер назарына ұсынамыз.

**Оңтайлы топтың сенім телефондары**

| Прокуратураның атауы | телефондары | жауапты орындаушы |
|---|---|---|
| Қызылорда облыстық прокуратурасы Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі №1 | 26-20-06 27-87-48 | Сейтжанов Ербол Облыстық прокуратура басқарма бастығының орынбасары |
| Қызылорда қалалық прокуратурасы Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі №62 | 24-75-86 24-75-79 | Әбіләзім Асқат Қызылорда қаласы прокурорының аға көмекшісі |
| Арал аудандық прокуратурасы | 22-3-85 22-8-00 | Сыздықов Әділжан Арал ауданы прокурорының көмекшісі |
| Қазалы аудандық прокуратурасы | 21-3-48 21-3-64 | Килибаев Ермек Қазалы ауданы прокурорының көмекшісі |
| Байқоңыр қалалық прокуратурасы | 7-56-65 7-23-55 | Есжанов Шынғыс Байқоңыр қаласы прокурорының көмекшісі |
| Қармақшы аудандық прокуратурасы | 2-19-31 2-20-54 | Базарбаев Алихан Қармақшы ауданы прокурорының көмекшісі |
| Жала?аш аудандық прокуратурасы | 3 24 43 | Алиев Нұржан Жалағаш ауданы прокурорының аға көмекшісі |
| Сырдария аудандық прокуратурасы | 21-5-39 21-1-89 | Орақбаев Талғат Сырдария ауданы прокурорының аға көмекшісі |
| Шиелі аудандық прокуратурасы | 41-2-02 44-4-80 | Жанадилов Бақыт Шиелі ауданы прокурорының аға көмекшісі |
| Жаңақорған аудандық прокуратурасы | 21-5-03, 22-0-13 | Айекенов Нұржан Жаңақорған ауданы прокурорының көмекшісі |

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Джумаганбетов Ергали Дуйсенгалиевичтің атына Mercedes-Benz 230 (мемлекеттік тіркеу нөмірі N230MLM) автокөлігіне берілген техпаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Абильдаев Сагаттың атына Қызылорда қаласы, Хон Бен До тұйығы №2 үйге берілген жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-014-705, №0056374) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## САТЫЛАДЫ

«КамАЗ 5320» жүк автокөлігі (1991 жылы шыққан) және «Жигули ВАЗ-206» жеңіл автокөлігі сатылады.

**Мекен-жайы: Жаңақорған ауданы, Қожакент ауылы. Байланыс телефондары: 8 775 216 19 57, 8 701 333 99 49, 8 775 483 46 03.**

## ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

"Сұлутөбе-су" ЖШС-ның жабылуына байланысты жұмысын тоқтатады (БСН 010740011369, тіркеу нөмірі 422-1933-08-ЖШС).

## АРДАҚТЫ АЗАМАТ ЕДІ



Үстіміздегі жылғы 23 қазан күні ауылшаруашылық саласының білікті жетекшісі болған ардақты азамат Исмайлов Ибрахим Жәлелұлы дүниеден озды.

Ол 1953 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Айдарлы совхозында дүниеге келген.

1976 жылы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауылшаруашылық институын бітіріп, жолдамамен Қызылорда Машина сынау стансасында инженер, директордың орынбасары, 2004-2008 жылдары Ақжарма ауылдық округінің әкімі, 2008 жылдан бері «Меруерт» шаруа қожалығын басқарды.

Бірнеше рет қала әкімінің алғысымен марапатталған.

Ибрахим Жәлелұлының жарқын бейнесі қызметтес болған, бірге жүрген жора-жолдастарының есінде әрдайым сақталады.

Қадірлі ағамыздың жатқан жері жайлы, иманы жолдас, алды жарық болсын.

**Қала әкімдігі және мәслихат аппараты, Ақжарма ауылдық әкімдігі, ауыл ардагерлері.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті осы акционерлік қоғамның бұрынғы қызметкері

**Болат Қожабековтің**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті осы акционерлік қоғамның геология және геофизика департаментінің маманы Алымова Людмила Юрьевнаға әкесі

**Алымов Юрий Владимировичтің**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# «ПҚҚР» АҚ: Ең бастысы – балалардың күлкісі

Қазалы ауданындағы «Шапағат» мүгедек балаларды оңалту орталығында дәстүрлі күзгі спартакиада болып өтті. Балалар мекемесінің тәрбиеленушілері арасындағы бұл спорттық көпшілік іс-шара жыл сайын «ПетроҚазақстан Құмкөл Рисорсиз» АҚ-ның демеушілік қолдауының арқасында өтіп келеді.

Әдетте шапағаттықтар бір-бірімен оңалту орталығының спорт залында жарысатын. Бірақ осы жылы жарысты өткізу тарихында бірінші рет мүгедек балалар Әйтеке би ауылының орталық стадионының жаңа жасанды алаңында марапат үшін сайысқа түсті. Осы мүмкіндікті оларға Қазалы ауданының спорт ғимаратының басшылығы қуана ұсынды.

Қазіргі уақытта «Шапағат» МБОО-да оңалту курсынан 40 мүгедек балалар өтуде. Кез келген ойын-сауық іс-шаралары олар үшін нағыз мереке болып есептеледі. Әсіресе, арнайы спартакиадаға сыйлықтар алып олардың қайырымдылық көрсетушілері - «ПҚҚР» АҚ-ның өкілдері келгенде.

- «Шапағатта» балаларға медициналық-психологиялық, әлеуметтік, консультациялық және көмектің басқа да түрлері көрсетіледі, - дейді мекеменің басшысы Шынар Жеңсікбаева. – Белсенді сабақтардың арасында дене шынықтырудың арнайы әдістемесі ерекше орын алады. Шектеулі мүмкіндіктеріне қарамастан балалар жеңуге тырысады. Ең алдымен өзін, өзінің мінезін, өздерінің сырқатын жеңу. Бұл да оңалудың бір тәсілі болып табылады. Өз кезегінде балаларға арналған осындай шағын мерекелер «Шапағаттың» қамқоршылары - «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамынсыз соншалықты көңілді және есте қаларлықтай өтпес еді. Орталықтың тәрбиеленушілерінің және олардың ата-аналарының атынан көрсеткен көмек үшін мұнайшыларға шын алғысымды білдіремін. Науқас балаларға және мекеменің мұқтажы үшін стадионды ақысыз беретін стадионның басшыларына жеке рақметімді айтамын.



«Біз күштіміз!» атты күзгі спартакиаданың бағдарламасына жарыстың сегіз түрінен тұратын эстафета кірді. Үш команда жарыстың мақтау қағаздарына және жүлделерге сайысты. Қатысушылардың әрқайсысы тәрбиешілердің көмегімен өзінің командасы жүлдегер болу үшін бар күшін салды. Нәтижесінде тұғырдың шыңына «Ынтымақ» командасының балалары көтерілді. Бұдан кейінгі жүлделі орындарды «Бірлік» және «Шымыр» командаларының балалары иеленді.

Марапаттау рәсімінде жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлімнің менеджері Хұсайын Сәрсембаев әр қатысушыны жүлдемен –жылы спорт костюмдерімен марапаттады. Ал командаларға тиісті алған орындарына қарай грамоталар тапсырылды.

Қуанышты балалар өз сезімдерін жасыра алмай, қоштасарда демеушілерге барлығы бірге қатты дауыстап рақмет айтумен алғыстарын білдірді.

**Айдос ӘБСАТ.**
Қазалы ауданы.
**Сурет Андрей ТАЙГУНОВТЫКІ.**

## ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**Қызылорда облысының әкімдігі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:**

**Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы. (D-O-1)**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 140298 теңгеден 189627 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** Басқарма қызметін ұйымдастырды және жалпы басшылық жасайды, орынбасарлары мен мекеме қызметшілерінің қызметтік өкілеттілігін айқындайды. Өз құзыреті шегінде аймақта энергетикалық және газ инфрақұрылымын дамыту мемлекеттік саясатын іске асырады. Облыс әкіміне электроэнергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларын дамыту бағытында ұсыныстар енгізеді. Басқарманың жұмыс жоспарын, қызметкерлердің біліктілік талаптарын бекітеді.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Жоғары техникалық (құрылыс, энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында) немесе экономикалық немесе қаржылық немесе заңгерлік немесе жергілікті мемлекеттік басқару білімі.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде ұйымдардың басшылары және олардың орынбасарлары лауазымдарында екі жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер;

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысы әкімінің аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесу жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облыс әкімі аппаратының ғимаратында, **467003, Қызылорда қаласы, Жақаев көшесі, 76 үй** мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мерзімнен бастап 10 күнтізбелік күн аралығында **Қызылорда қаласы, Жақаев көшесі, 76 үй, № 314 бөлме. Анықтама телефондары (8-724-22) 26-10-84.**

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысы әкімдігінің конкурстық комиссиясы.**

## ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**Қызылорда облысының қаржы басқармасы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға ашық конкурс жариялайды:**

**1. Қызылорда облысының қаржы басқармасының ішкі мемлекеттік қаржылық және ұлттық компанияның даму жоспарларының орындалуына бақылау жүргізу бөлімінің бас маманы (D-O-4)**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақылары 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

1. Бақылау тағайындау туралы бұйрықтарды тіркеу журналын жүргізу, бақылау мерзімдері мен олардың ұзартылу, аяқталу мерзімдерінің сақталуын қадағалау. Бақылау іс-шаралары жоспарына сәйкес жергілікті мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда бақылау жұмыстарын жүргізу. Бақылау қорытындылары (өзінің бақылау актілері) бойынша анықталған бұзушылықтарды, жұмыста анықталған кемшіліктерді жою үшін бақылау объектілеріне жіберілген ұсыныстарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру. Бақылау қорытындылары бойынша есептілік нысандарды жүргізу, тоқсандық, жылдық есептілікті уақтылы дайындау, тапсыру.

2. Қаржы басқармасы құрылтайшысы (қатысушы) ретінде болып табылатын мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуына бақылау мен талдаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Ұлттық компанияның даму жоспарларының орындалуына бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- Білімі жоғары экономикалық.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының қаржы басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижесімен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат;

Аталған құжаттардың біреуінің болмауы конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының қаржы басқармасында, индексі **120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 44** мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімінен бастап 10 жұмыс күн ішінде **Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 44 үй, 1 қабат, №11 бөлме мекен-жай бойынша тапсырылуы тиіс: Анықтама телефоны (8-7242) 23-98-28.**

Аталмыш лауазымға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының қаржы басқармасының конкурстық комиссиясы.**

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі 23-58-02
факс 23-55-37

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 23-74-62

Бас редактордың орынбасары 23-58-62
Жауапты хатшы 23-76-64

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 23-76-34, 23-81-50
экономика - 23-72-38, 23-78-08
әлеумет және саясат - 23-71-70, 23-78-08
жарнама - 23-80-38, 23-78-50
есеп-қисап - 23-81-06
заңгер - 23-64-20
компьютер орталығы - 23-77-45
корректор бөлімі - 23-73-39

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-22-46

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "PRINT" баспаханасында басылды.Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49.
Газеттің басылу сапасына "PRINT" баспаханасы - 27-24-94, таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: 120008 Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60.
Таралымы 21148
Тапсырыс № 1930